

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

(Жоғары кәсіптік білім)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҒЫ (ЖАЛПЫ БӨЛІК)

«5B030200 – Халықаралық құқық»
бакалавриат мамандығы бойынша

3 несие

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Астана
2017

АЛҒЫ СӨЗ

1. «Құқық» мамандықтар тобы бойынша оқу-әдістемелік секциясымен, «КАЗГЮУ Университеті» АҚ-ның Заңгерлерді бағалау және сертификатау бойынша бюросының қолдауымен **ДАЙЫНДАЛҒАН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛГЕН.**
2. Республикалық жоғары және ЖОО кейінгі білім беру оқу-әдістемелік кеңесінің 2016 жылғы 30 шілдедегі хаттамалық шешімімен **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ КҮШІНЕ ЕНГІЗІЛГЕН.**
3. **АЛҒАШҚЫ РЕТ ЕНГІЗІЛГЕН.**
4. Типтік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 16 тамыздағы №343 бұйрығымен бекітілген 5B030200-«Халықаралық құқық» мамандығы бойынша «Жоғары білім берудің типтік оқу жоспарымен» әзірленді.

Бағдарлама «Құқық» мамандықтары тобы бойынша оқу-әдістемелік секцияның рұқсатынсыз көбейтіле және таратыла алмайды.

МАЗМҰНЫ

I. Түсіндірме хат	4
II. Дәріс сабақтарының тақырыптары	7
III. Тәжірибелік (семинар) сабақтарының тақырыптары	43
IV. Өзіндік дербес оқуға қалдырылған тақырыптардың тізімі	60
V. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі	72
VI. Үлгі оқу бағдарламасының авторлары	84

I. Түсіндірме хат

«Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы» пәні Қазақстан Республикасында «Халықаралық құқық» мамандығы бойынша маман дайындауды жүргізетін жоғары оқу орындарында оқытылатын міндетті компонент пәндері болып табылады. Бұл оқу пәндері демократиялық құқықтық мемлеке мұқтаждықтарына қарай ұдайы өзгеріп отыратын қылмыстық құқық ғылымының теориялық ережелерін ғана емес, сонымен бірге қылмыстық заңнама мен оны қолдану тәжірибесін де игеруді көздейді. Сондықтан олардың мазмұны қолданыстағы қылмыстық заңнаманың концептуалды мазмұнына және мемлекеттің жалпы құқықтық саясатының маңызды буыны болып табылатын қылмыстық саясатына толық негізделген.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында қос векторлы қылмыстық саясат іске асырылуда: а) онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстарды алғаш рет жасаған, сондай-ақ халықтың әлеуметтік әлсіз топтары - жүкті және асырауында кәмелетке толмаған балалары бар жалғызбасты әйелдерге, кәмелетке толмағандарға, жасы ұлғайған адамдарға қатысты ізгілендіру; б) ауыр және аса ауыр қылмыстар жасауға кінәлі, қылмыстық қуғындаудан жасырынып жүрген адамдарға қатысты, сондай-ақ қылмыстар кәнігілігі кезінде қатал қылмыстық саясат.

Заманауи Қазақстанның қылмыстық заңнамасының дамуына тұрақтылық пен динамизмнің қақтығысы тән. 2014 жылы жаңа кодификацияланған қылмыстық заңның қабылдануы қылмыстық заңнаманың тұрақтылығына, концептуалды құрылымы мен ішкі бірлігін сақтауға ұмтылыстың нәтижесі болды. Ал одан кейінгі кезеңде біз, бір жағынан, қылмыстық іс-қимылдардың қауіпті көріністеріне қарсы іс-қимылдардың объективті қажеттілігінен туындаған, екінші жағынан, қылмыстық және әкімшілік-деликттік құқық арасында нақты аражіктің болмауының салдары болып табылатын динамизм көріністерін қайта байқап отырмыз.

Ұлттық құқығын жаңғырту барысында Қазақстан әралуан құқықтық жүйелердің конвергенциялану үрдістеріне бауланған ел ретінде өзінің өміршеңдігін көрсеткен құқықтық институттарды енгізуде белсенділік танытады. Осындай институттардың бірі – Батыстың көптеген елдерінде қабылданған қылмыстық жазаланушы әрекеттерді қылмыс пен қылмыстық теріс қылыққа ажырату. Жазалар жүйесін бас бостандығынан айыруға балама жазаларды кеңейту бағытында қайта карау да үздік шетелдік тәжірибені ескере отырып іске асырылған.

Назар аудару керек болатын тағы да бір жағдай – қылмыстық заңнама мен оны қолдану тәжірибесін айтарлықтай деидеологизациялау.

Құқықтық болмыс аясында орын алып отырған жоғарыда аталған үрдістер, сол сияқты жоғары заңгерлік білімі бар мамандарды

дайындауға қойылатын талаптардың өсуі «Қазақстан Республикасы Қылмыстық құқығы» оқу пәнінің мазмұнында көрініс табуы керек.

«Қазақстан Республикасы Қылмыстық құқығы» оқу пәнінің пәнін қылмыстық заңнама және қылмыстық құқық ғылымы құрайды. Қылмыстық құқықтың Жалпы бөлігі жалпы принциптер, институттар мен категориялар көзделетін, қылмыстық жауаптылықтың негіздері мен шектерін және жаза мен өзге де қылмыстық құқықтық ықпал ету шараларын қолданудың, қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатудың тәртібі мен жағдайларын анықтайтын негізгі ережелер бекітілетін нормалардан тұрады. Қазақстан Республикасы қылмыстық құқығының Ерекше бөлімінің нормалары жеке адамға, қоғамға немесе мемлекетке қауіпті, қылмыстық құқық бұзушылық болып табылатын іс-әрекеттердің шеңбері мен заңи белгілерін оларды қылмыстық құқықтық қорғау объектілері бойынша қатаң түрде жіктей отырып белгілейді.

Осы оқу пәнін игеруде студенттер қылмыстық құқықтың Жалпы және Ерекше бөліктерінің нормалары бір-бірімен ажырамас байланыста болатынын, тек біртұтастылығында ғана дербес құқық саласы – Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығын құрайтынын ескеру керек.

Студенттердің Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы бойынша терең теориялық білім алуы және осы негізде олардың сот пен құқық қорғау органдарына жүктелген міндеттерді табысты атқаруына қажет болатын дағдылар мен қабілеттіліктерді иемденуі осы оқу пәнінің **мақсаты** болып табылады.

«Қазақстан Республикасы Қылмыстық құқығы» оқу пәнінің **міндеттері**: қылмыстық құқық ғылымының принциптері, категориялары мен ережелері туралы жүйелендірілген теориялық білім алу; қолданыстағы қылмыстық заңнамада бағыт-бағдар таба білу; қылмыстық заң нормасын қолдану және талқылау қабілеттіліктерін дамыту; қылмыстылыққа қарсы іс-қимылдың және адам құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қылмыстық құқықтық қорғаудың тиімді құралы ретінде қылмыстық заңға деген құрметпен қарауды қалыптастыру.

Оқу пәнінің **пререквизиттері** «Мемлекет пен құқық теориясы», «Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы» болып табылады.

«Қазақстан Республикасы Қылмыстық құқығы» пәнінің **постреквизиттері** «Қазақстан Республикасы қылмыстық іс жүргізу құқығы», «Қазақстан Республикасы қылмыстық атқару құқығы», «Криминология» пәндері болады.

«Қазақстан Республикасы Қылмыстық құқығы» пәнін меңгеру келесі **кәсіптік құзырлылықтарды** қалыптастыруға бағытталған:

Білімдер: ұлттық қылмыстық құқықтың негізгі принциптері мен санаттарын біледі, қылмыстық құқықтың ұлттық құқық жүйесінде алатын орнын біледі; жазаларды және қылмыстық құқық бұзушылықтар

жасаған адамдарға қолданылатын өзге де қылмыстық құқықтық ықпал ету шараларын біледі; жеке адамға, қоғамға немесе мемлекетке қауіпті болатын, қылмыстық құқық бұзушылық деп танылған іс-әрекеттердің шеңбері мен заңи белгілерін біледі; қылмыстық құқық бұзушылықтарды қылмыстық құқықтық қорғау объектітері бойынша жіктелуін біледі.

Дағдылар: адамның іс-әрекеттерінде қылмыстық жауаптылық негізі бар/жоқ екендігі туралы ауызекі немесе жазбаша білікті заңи қорытынды бере алады; материалдық қылмыстық құқық нормаларын нақты өмірлік жағдайларға дұрыс қолдана алады, құқықтық дәйектеу дағдыларына ие; қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау және қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамдарын өзара ажырату бойынша дербес шешім қабылдайды, қабылдаған шешіміне орынды уәждеме бере алады.

Қоғамдық құзырлылықтар: заңгердің материалдық қылмыстық құқық нормаларын қолдану бойынша қызметінің этикалық, экономикалық және саяси салдарларын ұғынады; сыни ойлайды, материалдық қылмыстық құқық нормаларын қолдану бойынша практикалық мәселелерді шешкенде тәуелсіз ойлайды және әрекет етеді; өз ойын дәл және анық жеткізе біледі, айналасындағылармен, оның ішінде заңды білмейтін адамдармен қарым-қатынас орната біледі.

Осы үлгі оқу бағдарламасын дайындау барысында авторлар «Университет КАЗГЮУ» АҚ қылмыстық, қылмыстық атқару құқығы және криминология кафедрасында «ҚР Қылмыстық құқығы» пәнін 5В030200 «Халықаралық құқық» мамандығының студенттеріне оқыту тәжірибесін назарға алған.

II. Дәріс сабақтарының тақырыптары

Тақырып №1. Қылмыстық құқық түсінігі, міндеттері, жүйесі және принциптері

1. Тақырып мазмұны

Қылмыстық құқық қазақстандық құқықтың дербес саласы ретінде. Қылмыстық құқық пәні және әдісі. Қылмыстық құқықтың іргелес құқық салаларынан реттеу пәні мен әдісі бойынша айырмашылығы. Қылмыстық құқықтың қорғаушылық және алдын алушылық функциясы. Қылмыстық құқықтың азаматтардың құқыққа сай мінез-құлқын қалыптастырудағы рөлі. Қылмыстық құқық жүйесі: Жалпы және Ерекше бөліктері. Қылмыстық құқықтың салалық принциптері: заңдылық, әділділік, азаматтардың заң алдындағы теңдігі, жеке кінәлі жауаптылық, ізгілік және қудалауды үнемдеу, жауаптылық пен жазаның болмай қоймайтындығы, жауаптылық пен жазаны жеке саралау және даралау. Қылмыстық құқық принциптерін заңда бекіту мәселесі. Мемлекеттің қылмыстық саясатының тарихи шарттылығы. Заманауи Қазақстанның қылмыстық саясатының негізгі бағыттары. Қылмыстық құқық ғылымы.

2. Дәріс және семинар сабақтары тақырыбының студенттің осы тақырыпты меңгерген соң алатын құзырлығымен байланысы

Осы тақырыпты меңгеру нәтижесінде студент:

білімі:

- қылмыстық құқықтың дербес құқық саласы ретіндегі мәні мен мағынасын біледі;
- қылмыстық құқық функцияларын біледі;
- қылмыстық құқық жүйесін біледі;
- қылмыстық құқық принциптерін және олардың заң шығару және құқық қолдану қызметі үшін маңызын біледі;

дағдылары:

- қылмыстық құқықты реттеу пәніне қарай іргелес құқық салаларынан ажырата алады;
- қылмыстық құқықты құқық саласы ретінде, құқықтық ғылым ретінде және оқу пәні ретінде ажырата алады.

3. Сот тәжірибесі

Қылмыс жасаған адамдардың заң мен сот алдындағы теңдігін бұзуға жол бермеу туралы ҚР Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша сот алқасының 2010 ж. 4 мамырдағы № 4уп-78-10 қаулысы /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С. 161-162.

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

3. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығы (2.8-тармағы).

4. Уголовное право Республики Казахстан: Общая часть: Учебник. /Отв ред. И.И. Рогов, К.Ж. Балтабаев. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. – С.7-21.

5. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть. /Под ред. В.П.Ревина. – Алматы: Жеті жарғы, 2015. – С.5-32.

Тақырып №2. Қылмыстық заң

1. Тақырып мазмұны

Жоғары заң күшіне ие, қылмыстық жазаланушы әрекеттердің шеңберін анықтайтын кодификацияланған нормативтік құқықтық акт ретіндегі қылмыстық заң түсінігі. Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық заңы. Қылмыстық заңнаманың Қазақстан Республикасының Конституциясы мен халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған принциптері мен нормаларына сәйкестігі туралы талап. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі мен Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасының құрамдас бөліктері ретінде. Қылмыстық заң құрылымы. Қылмыстық құқықтық норма құрылымы. Қылмыстық құқықтық норма диспозициясы мен санкциясының түрлері. Қылмыстық заңның кеңістіктегі күші. Қылмыстық заңның кеңістіктегі күшінің принциптері: аумақтылық, азаматтылық, нақты, әмбебап. Қылмыстық заңның уақыттағы күші. Кері күші бар қылмыстық заңдар. Қылмыстық заңды талқылау, талқылау түрлері.

2. Дәріс және семинар сабақтары тақырыбының студенттің осы тақырыпты меңгерген соң алатын құзырлылығымен байланысы

Осы тақырыпты меңгеру нәтижесінде студент:

білімі:

- қылмыстық заңның айрықшалық белгілерін біледі;
- қолданыстағы қылмыстық заңнаманы біледі;
- қылмыстық заң және қылмыстық құқықтық норма құрылымын біледі;

- қылмыстық заңның кеңістіктегі, адамдарға қатысты және уақыттағы күшін біледі;

- қылмыстық заңды талқылау тәсілдерін біледі;

дағдылары:

– қылмыстық құқықтық норма құрылымын талдауды, диспозиция мен санкция түрін анықтай алады;

– Қазақстан Республикасы аумағында және аумағынан тысқары жерде қылмыстық жазаланушы әрекеттердің жасалуына байланысты тәжірибелік ситуацияларды шеше алады;

– Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың қылмыстық жазаланушы әрекеттерді жасауына байланысты тәжірибелік ситуацияларды шеше алады;

– қылмыстық заңның уақыттағы күшіне және қылмыстық заңның кері күшіне байланысты тәжірибелік ситуацияларды шеше алады.

3. Сот тәжірибесі

1. «Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының нормаларын қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 10 шілдедегі № 1 нормативтік қаулысы (қолданыстағы редакциясында).

2. «Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 6-бабын қолдану жөніндегі сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 15 нормативтік қаулысы (қолданыстағы редакциясында).

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

3. «Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияны бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы № 531 Заңы (қолданыстағы редакциясында).

4. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 16 қаңтардағы № 70-V Заңы (қолданыстағы редакциясында).

5. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – С.9-64.

6. Уголовное право Республики Казахстан: Общая часть: Учебник. /Отв ред. И.И. Рогов, К.Ж. Балтабаев. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. – С.22-44.

7. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть. /Под ред. В.П.Ревина. – Алматы: Жеті жарғы, 2015. – С.32-64.

8. Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Общая часть (Том 1) - Алматы: Жеті жарғы, 2015. - С.3-13; 94-126.

9. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. /Под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова. - Алматы: ТОО Издательство «Норма-К», 2016. – С.13-14; 34-39.

Тақырып №3. Қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Тақырып мазмұны

Қылмыстық құқық бұзушылық түсінігі. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды қылмыстарға және қылмыстық теріс қылықтарға ажырату негізіне алынған жіктер. Қылмыс түсінігі және белгілері. Қылмыс санаттары. Өртүрлі негіздер бойынша қылмыстарды жіктеу. Қылмыстық теріс қылық түсінігі және белгілері. Қылмыстық заңда «қылмыстық теріс қылық» категориясын ажыратудың тәжірибелік маңызы. Болмашы әрекет. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың өзге құқық бұзушылықтар мен қоғамға қарсы іс-қимылдардан айырмашылығы.

2. Дәріс және семинар сабақтары тақырыбының студенттің осы тақырыпты меңгерген соң алатын құзырлығымен байланысы

Осы тақырыпты меңгеру нәтижесінде студент:

білімі:

- қылмыстық құқық бұзушылық түсінігін біледі;
- қоғамға қауіптілік дәрежесі мен жазаланушылығына қарай қылмыстық құқық бұзушылық түрлерін біледі;
- қылмыстардың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесіне қарай санаттарын біледі;
- әрекетті болмашы деп тану жіктерін біледі;

дағдылары:

- қылмыстық құқық бұзушылықтарды өзге құқық бұзушылықтардан ажырата алады;
- қылмыстық құқық бұзушылық түрін анықтай алады;
- қылмыс санатын анықтай алады;
- қылмыстық жазаланушы әрекетті болмашы әрекеттен ажырата алады.

1. 3. Сот тәжірибесі

Тұлғаның жасаған азаматтық құқықтық мәмілесін қылмыс деп заңсыз танылуына байланысты бірінші сот инстанциясының үкімінің күшін жойған ҚР Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша қадағалау сот алқасының 2011 ж. 29 шілдедегі № 2уп-185-11 қаулысы /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.17-19.

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

3. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – С.65-75.

4. Уголовное право Республики Казахстан: Общая часть: Учебник /Отв ред. И.И. Рогов, К.Ж. Балтабаев. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. – С.45-52.

5. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть /Под ред. В.П.Ревина. – Алматы: Жеті жарғы, 2015. – С.71-84.

6. Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Общая часть (Том 1) - Алматы: Жеті жарғы, 2015. - С.126-139.

7. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан /Под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова. - Алматы: ТОО Издательство «Норма-К», 2016. – С. 39-42.

Тақырып №4. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы қылмыстық жауаптылықтың негізі ретінде

1. Тақырып мазмұны

Қылмыстық жауаптылық мәні және оның түрлері (позитивті және ретроспективті). Қылмыстық жауаптылықтың заңда бекітілген негізі. Қылмыстық жауаптылық негізі (негіздері) туралы сұрақтың теориялық қырлары. Қылмыстық жауаптылық және қылмыстық құқықтық қатынастар. Қылмыстық құқықтық қатынас субъекттері және мазмұны. Қылмыстық жауаптылықтың пайда болуы, іске асырылуы және тоқтатылуы. Жаза мен өзге де қылмыстық құқықтық ықпал ету шаралары қылмыстық жауаптылықты іске асыру нысандары ретінде.

Қылмыстық құқық бойынша қылмыстық құқық бұзушылық құрамының түсінігі. «Қылмыстық құқық бұзушылық» және «қылмыстық құқық бұзушылық құрамы» ұғымдарының арақатынасы. Қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі ретіндегі қылмыстық құқық бұзушылық құрамының маңызы. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының элементтері және белгілері. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының түрлері. Қылмыстық құқық бұзушылықты саралау түсінігі. Қылмыстық заңды дұрыс қолдану үшін қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілерін дәл анықтаудың маңызы.

2. Дәріс және семинар сабақтары тақырыбының студенттің осы тақырыпты меңгерген соң алатын құзырлылығымен байланысы

Осы тақырыпты меңгеру нәтижесінде студент:

білімі:

– қылмыстық жауаптылық түсінігі мен негізін, қылмыстық жауаптылықты жүзеге асыру нысандарын;

– қылмыстық құқықтық қатынастардың мазмұнын, оның қылмыстық жауаптылықпен арақатынасын;

– қылмыстық құқық бұзушылық құрамының түсінігі және қылмыстық жауаптылық негізі туралы сұрақты шешудегі оның маңызын;

– қылмыстық құқық бұзушылық құрамының элементтерін және оларды сипаттайтын белгілерді;

– қылмыстық құқық бұзушылық құрамының түрлерін.

дағдылары:

– қылмыстық жауаптылықты құқықтық жауаптылықтың өзге түрлерінен ажырата алады;

– нақты тәжірибелік ситуацияларға қатысты қылмыстық жауаптылық негізінің бар не жоқтығы туралы сұрақты шеше алады;

– «қылмыстық құқық бұзушылық» және «қылмыстық құқық бұзушылық құрамы» ұғымдарын ажырата алады;

– қылмыстық құқық бұзушылық құрамының қоғамға қауіптілік дәрежесіне, құрылымы мен конструкциясына қарай түрлерін анықтай алады.

3. Сот тәжірибесі

1. Қылмыстық заңның қылмыстық жауаптылықтың негізі туралы талабының сақталмауына байланысты бірінші инстанция соттарының үкімдерінің күшін жойған ҚР Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша сот алқасының 2011 ж. 24 сәуірдегі № 2уп-99-11 қаулысы /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С. 14-17.

2. Іс бойынша қылмыс құрамының объективтік жағын да, субъективтік жағын да анықтау міндеттілігі туралы ҚР Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша сот алқасының 1999 ж. 16 қарашадағы № 2н-176-99 қаулысы /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.32-33.

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

3. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – Б.27-59.

4. Уголовное право Республики Казахстан: Общая часть: Учебник. /Отв ред. И.И. Рогов, К.Ж. Балтабаев. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. – С.134-138.

5. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть. /Под ред. В.П.Ревина. – Алматы: Жеті жарғы, 2015. – С.64-71.

6. Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Общая часть (Том 1) - Алматы: Жеті жарғы, 2015. - С.86-94.

7. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. /Под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова. - Алматы: ТОО Издательство «Норма-К», 2016. – С.33-34.

Тақырып №5. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының элементтері мен белгілері

1. Тақырып мазмұны

Қылмыстық құқық бойынша қылмыстық құқық бұзушылық объектісінің түсінігі. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісінің түрлері. Қылмыстық құқық бұзушылық заты және жәбірленушісінің жеке басы, саралаудағы олардың маңызы. Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағының түсінігі және маңызы. Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағын сипаттайтын белгілер. Қылмыстық құқық бойынша қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің түсінігі және маңызы. Қылмыстық құқық бұзушылықтың жалпы субъектісінің міндетті белгілері. Есі дұрыс еместік түсінігі. Қылмыстық құқық бұзушылықтың арнайы субъектісінің түсінігі және түрлері. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының түсінігі және маңызы. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының субъективтік жағын сипаттайтын белгілер. Қателесу және оның қылмыстық жауаптылыққа ықпалы. Кінәсіздікпен зиян келтірудің заңда бекітілген түрлері.

2. Дәріс және семинар сабақтары тақырыбының студенттің осы тақырыпты меңгерген соң алатын құзырлылығымен байланысы

Осы тақырыпты меңгеру нәтижесінде студент:

білімі:

- қылмыстық құқық бұзушылық объектісінің түсінігі мен маңызын;
- қылмыстық құқық бұзушылық объектісінің түрлерін;
- қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағының түсінігін және маңызын;
- қылмыстық құқық бұзушылық құрамының объективтік жағын сипаттайтын белгілерді;
- қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің түсінігін және маңызын;
- қылмыстық құқық бұзушылықтың жалпы және арнайы субъектісінің белгілерін;
- қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының түсінігін және маңызын;

- кінә түсінігін, мазмұны мен нысандарын;
- қылмыстық құқық бұзушылық жасау ниеті мен мақсаттарын.

дағдылары:

- қылмыстық құқық бұзушылықтың тектік және тікелей объектілерін таба алады;
- қылмыстық құқық бұзушылық объектісі мен затын ажырата алады;
- қылмыстық құқық бұзушылық құрамының объективтік жағының белгілерін таба алады;
- қоғамға қауіпті әрекет пен қоғамға қауіпті зардап арасындағы себептік-салдарлық байланысты анықтай алады;
- қылмыстық құқық бұзушылықтың жалпы және арнайы субъектісінің белгілерін таба алады;
- нақты ситуацияларға қатысты кінә нысаны мен түрлерін анықтай алады;
- нақты ситуацияларға қатысты қылмыстық құқық бұзушылық жасаудың ниеті мен мақсатын анықтай алады.

3. Сот тәжірибесі

1. Қол сұғушылық объектісі мен заты дұрыс анықталмауына байланысты бірінші инстанция сотының үкімінің күшін жойған ҚР Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша қадағалау сот алқасының 2012 ж. 24 шілдедегі № 2уп-186-12 қаулысы /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.30-31.

2. Әрекет пен орын алған зардап арасындағы себептік байланыстың болмауына байланысты бірінші инстанция соттарының үкімдерінің күшін жойған ҚР Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша қадағалау сот алқасының 2010 ж. 18 мамырдағы № 2уп-93-10, 2011 ж. 27 қыркүйектегі № 2уп-233-11 қаулылары /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С. 24-29.

3. Жасалғаны үшін жауаптылық он төрт жастан бастап белгіленген қылмыстар тізімінің толықтығы туралы ҚР Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша алқасының 2002 ж. 22 мамырдағы № 2а-26-2-02 қаулысы /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С. 23-24.

4. Объективті айыптауға жол берілмейтіндік туралы ҚР Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша сот алқасының 1999 ж. 16 қарашадағы № 2н-176-99 қаулысы /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.32-33.

5. Адамды әрекеттерінде қылмыс құрамының субъективтік жағы болмағанда заңсыз соттау туралы ҚР Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша қадағалау сот алқасының 2011 ж. 6 желтоқсандағы № 2уп-307-11 қаулысы /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.21-23.

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

3. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – Б.85-92; 92-105; .

4. Уголовное право Республики Казахстан: Общая часть: Учебник. /Отв ред. И.И. Рогов, К.Ж. Балтабаев. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. – С. 60-133.

5. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть. /Под ред. В.П.Ревина. – Алматы: Жеті жарғы, 2015. – С. С.99-178.

6. Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Общая часть (Том 1) - Алматы: Жеті жарғы, 2015. - С.87-94; 153-179.

7. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. /Под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова. - Алматы: ТОО Издательство «Норма-К», 2016. – С.46-57.

Тақырып №6. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі

1. Тақырып мазмұны

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігінің түсінігі. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігінің күрделі дара-жалғаспалы, созылмалы, құрамдас, баламалы әрекетті, баламалы салдарлы, кінәнің екі нысанмен жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардан айырмашылығы. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігінің тек заңда бекітілген нысандарының ғана болатындығы. Қылмыстардың немесе қылмыстық теріс қылықтардың бірнеше рет жасалуы. Бірнеше реттіліктің саралауға және жазаға әсері. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығының түсінігі, белгілері және түрлері. Жиынтықтың саралауға және жазаға әсері. Қылмыстардың қайталануының түсінігі, белгілері және түрлері. Қайталанудың жазаға әсері.

2. Дәріс және семинар сабақтары тақырыбының студенттің осы тақырыпты меңгерген соң алатын құзырлылығымен байланысы

Осы тақырыпты меңгеру нәтижесінде студент:

білімі:

– қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігінің түсінігін және белгілерін біледі;

– күрделі дара қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлерін біледі;

– қылмыстық құқық бұзушылықтардың нысандарын біледі;

дағдылары:

– күрделі дара қылмыстық құқық бұзушылық түрін анықтай алады;

– күрделі дара қылмыстық құқық бұзушылықтарды қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігінен ажырата алады;

– қылмыстық құқық бұзушылық көптігінің нысанын анықтауды, көптік нысандарын өзара ажырата алады.

3. Сот тәжірибесі

1. «Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуын және жиынтығын саралау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 11 нормативтік қаулысы (қолданыстағы редакциясында).

2. «Соттардың қылмыстардың қайталануы туралы заңдарды қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 25 желтоқсандағы № 8 нормативтік қаулысы (қолданыстағы редакциясында).

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

3. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – С.75-85.

4. Уголовное право Республики Казахстан: Общая часть: Учебник. /Отв ред. И.И. Рогов, К.Ж. Балтабаев. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. – С.178-196.

5. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть. /Под ред. В.П.Ревина. – Алматы: Жеті жарғы, 2015. – С.226-248.

6. Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Общая часть (Том 1) - Алматы: Жеті жарғы, 2015. - С.139-153.

7. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. /Под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова. - Алматы: ТОО Издательство «Норма-К», 2016. – С.43-46.

Тақырып №7. Қылмыстық құқық бұзушылық жасау сатылары

1. Тақырып мазмұны

Қасақана қылмыс сатыларының түсінігі және түрлері. Қасақаналықтың айқындалуының жазаланбаушылығы. Дайындалу және оқталу аяқталмаған қылмыс түрлері ретінде. Қылмысқа дайындалу түсінігі және белгілері. Дайындалудың қасақаналықтың айқындалуынан айырмашылығы. Қылмысқа дайындалудың жазаланушылығының шектері. Қылмысқа оқталу түсінігі және белгілері. Қылмысқа оқталудың дайындалудан және аяқталған қылмыстан айырмашылығы. Қылмысқа оқталу түрлері. Аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық түсінігі. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының конструкциясы және оның аяқталу мезеті. Қылмыстық құқық бұзушылықтан өз еркімен бас тарту түсінігі, белгілері және құқықтық салдары. Өз еркімен бас тартудың шынайы өкінуден айырмашылығы.

2. Дәріс және семинар сабақтары тақырыбының студенттің осы тақырыпты меңгерген соң алатын құзырлығымен байланысы

Осы тақырыпты меңгеру нәтижесінде студент:

білімі:

- қасақана қылмыс сатыларының түсінігін және түрлерін біледі;
- аяқталмаған қылмыс түрлерін, олардың белгілерін біледі;
- аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық түсінігін біледі;
- қылмыстық құқық бұзушылықтан өз еркімен бас тартудың белгілері мен құқықтық салдарын біледі;

дағдылары:

- қылмыс жасау сатыларын анықтауға байланысты тәжірибелік ситуацияларды шеше алады;
- аяқталмаған қылмыс түрін анықтауды, оны жасалған әрекеттің саралануында көрсете алады;
- қылмыстық құқық бұзушылық құрамының конструкциясына қарай оның аяқталу мезетін анықтай алады;
- қылмыстық құқық бұзушылықтан өз еркімен бас тартудың бар не жоқ екендігі туралы сұрақты шеше алады.

3. Сот тәжірибесі

1. Кінәлінің орындаушыны іздестіру бойынша әрекеттерін оқталудан дайындалуға саралаған ҚР Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша сот алқасының 2009 ж. 20 қаңтардағы № 2а-16-09 қаулысы /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С. 94.

2. Қылмыстық аяғына дейін жеткізуден өз еркімен және біржолата бас тартқан адамды қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайтындығы туралы ҚР Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша сот алқасының 1999 ж. 1 маусымдағы № 2н-329-99 қаулысы /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С. 95-96.

3. Тек ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасауға дайындалу ғана жазаланатындығы туралы ҚР Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша

қадағалау сот алқасының 2011 ж. 23 тамыздағы № 2уп-195-11 қаулысы /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С. 96-97.

4. «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы № 1 нормативтік қаулысы (4-тармағы).

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

3. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – С.105-116.

4. Уголовное право Республики Казахстан: Общая часть: Учебник /Отв ред. И.И. Рогов, К.Ж. Балтабаев. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. – С.139-151.

5. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть /Под ред. В.П.Ревина. – Алматы: Жеті жарғы, 2015. – С.179-198.

6. Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Общая часть (Том 1) - Алматы : Жеті жарғы, 2015. - С.179-195.

7. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан /Под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова. - Алматы: ТОО Издательство «Норма-К», 2016. – С.57-60.

Тақырып №8. Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу

1. Тақырып мазмұны

Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу түсінігі. Сыбайлас қатысудың объективті және субъективті белгілері. Ортақ қылмыстық құқық бұзушылықта атқаратын функцияларының сипатына қарай сыбайлас қатысушылардың түрлері: орындаушы, ұйымдастырушы, айдап салушы және көмектесуші. Сыбайлас қатысу нысандары, оларды ажырату жіктері. Адамдар тобының, алдын ала сөз байласқан адамдар тобының, қылмыстық топтың құқықтық сипаттамасы. Қылмыстық топ түрлері және олардың айрықшалық белгілері. Сыбайлас қатысу нысандарының саралауға және жазаға әсері. Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушының шектен шығуы. Арнайы субъектілі қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу. Сәтсіз сыбайластық үшін жауаптылық. Сыбайлас қатысушының

қылмыстық құқық бұзушылықтан өз еркімен бас тартуының ерекшеліктері. Сыбайлас қатысушылардың қылмыстық жауаптылығының негіздері мен шектері. Қылмысқа жанасушылық түсінігі, оның нысандары және қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысудан айырмашылығы.

2. Дәріс және семинар сабақтары тақырыбының студенттің осы тақырыпты меңгерген соң алатын құзырлылығымен байланысы

Осы тақырыпты меңгеру нәтижесінде студент:

білімі:

– қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу түсінігін, белгілері мен қоғамға қауіптілігін біледі;

– қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылардың түрлерін біледі;

– қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу нысандарын, олардың айрықшалық белгілерін біледі;

– сыбайлас қатысудың арнаулы сұрақтарын біледі;

– қылмысқа жанасушылық түсінігін және түрлерін біледі;

дағдылары:

– жасалған қоғамға қауіпті әрекетке сыбайлас қатысу белгілерін анықтай алады;

– сыбайлас қатысушының түрін анықтауды және оны саралауда көрсете алады;

– сыбайлас қатысу нысанын анықтауды және оны саралауда көрсете алады;

– сыбайлас қатысуды қылмысқа жанасушылықтан ажырата алады.

3. Сот тәжірибесі

1. «Соттардың бандитизм және қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатыса отырып, басқа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 21 маусымындағы № 2 нормативтік қаулысы (қолданыстағы редакциясында).

2. «Соттардың қылмысқа қатыстылық пен қылмыстық құқық бұзушылыққа дем берушілік үшін жауаптылық туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 14 нормативтік қаулысы (қолданыстағы редакциясында).

3. Сыбайлас қатысушының шектен шығуы үшін басқа сыбайластарды қылмыстық жауапқа тартуға болмайтындығы туралы ҚР Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша сот алқасының 2006 ж. 17 қаңтарындағы № 2а-43-06 қаулысы /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С. 103-104.

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

3. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – С.116-135.

4. Уголовное право Республики Казахстан: Общая часть: Учебник. /Отв ред. И.И. Рогов, К.Ж. Балтабаев. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. – С.152-177.

5. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть. /Под ред. В.П.Ревина. – Алматы: Жеті жарғы, 2015. – С.198-226.

6. Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Общая часть (Том 1) - Алматы: Жеті жарғы, 2015. - С.195-222.

7. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. /Под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова. - Алматы: ТОО Издательство «Норма-К», 2016. – С.60-69.

Тақырып №9. Әрекеттің қоғамға қауіптілігі мен құқыққа қайшылығын жоятын мән-жайлар

1. Тақырып мазмұны

Қылмыстық құқық бойынша әрекеттің қоғамға қауіптілігі мен құқыққа қайшылығын жоятын мән-жайлардың түсінігі, олардың құқықтық табиғаты мен түрлері. Қылмыстық құқық бойынша әрекеттің қоғамға қауіптілігі мен құқыққа қайшылығын жоятын мән-жайлар институтының маңызы. Қажетті қорғаныс. Қажетті қорғаныстың заңды болуының шарттары. Қажетті қорғаныс шегінен шығу. Жалған қорғану және оның құқықтық салдары. Қол сұғушылық жасаған адамды ұстап алу кезінде зиян келтіру. Ұсталатын адамға зиян келтірудің заңды болуының шарттары. Қол сұғушылық жасаған адамды ұстап алу үшін қажетті шаралар шегінен шығу үшін жауаптылық. Аса қажеттілік. Аса қажеттілік жағдайында зиян келтірудің заңды болуының шарттары. Аса қажеттіліктің қажетті қорғаныстан айырмашылығы. Жедел-ізвестіру, қарсы барлау іс-шараларын немесе жасырын тергеу іс-қимылдарын жүзеге асыру. Жедел-ізвестіру, қарсы барлау іс-шараларын немесе жасырын тергеу іс-қимылдарын жүзеге асыруда зиян келтірудің заңды болуының шарттары. Негізді тәуекел ету және оның заңдылығының шарттары. Жеңе алмайтын күштеу немесе психикалық мәжбүрлеу әрекеттің қоғамға қауіптілігі мен құқыққа қайшылығын жоятын дербес мән-жай ретінде. Бұйрықты немесе өкімді орындау.

2. Дәріс және семинар сабақтары тақырыбының студенттің осы тақырыпты меңгерген соң алатын құзырлылығымен байланысы

Осы тақырыпты меңгеру нәтижесінде студент:

білімі:

– әрекеттің қоғамға қауіптілігі мен құқыққа қайшылығын жоятын дербес мән-жай түсінігі мен маңызын біледі;

– әрекеттің қоғамға қауіптілігі мен құқыққа қайшылығын жоятын дербес мән-жайлардың түрлерін, олардың заңды болуының шарттарын біледі;

дағдылары:

– құқық қорғауындағы мүдделерге зиян келтіруші әрекетте оның қоғамға қауіптілігі мен құқыққа қайшылығын жоятын мән-жайдың бар немесе жоқ екендігі туралы сұрақты шеше алады;

– тәжірибелік ситуацияларды шешкенде әрекеттің қоғамға қауіптілігі мен құқыққа қайшылығын жоятын дербес мән-жайлардың заңды болуының шарттарының сақталғанын немесе бұзылғанын анықтай алады.

3. Сот тәжірибесі

1. «Қажетті қорғану туралы заңнаманы қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы № 2 нормативтік қаулысы (қолданыстағы редакциясында).

2. Қорғанушы тұлға нақты қол сұғушылықтың жоқ екендігін ұғынбаған және істің мән-жайлары бойынша ұғынуына мүмкіндігі болмауына байланысты жалған қорғануды қажетті қорғануға теңеген ҚР Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша сот алқасының 1999 ж. 16 қарашадағы № 2н-179-99 қаулысы /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С. 145-147.

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

3. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – С.135-157.

4. Уголовное право Республики Казахстан: Общая часть: Учебник. /Отв ред. И.И. Рогов, К.Ж. Балтабаев. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. – С.197-234.

5. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть. /Под ред. В.П.Ревина. – Алматы: Жеті жарғы, 2015. – С.248-271.

6. Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Общая часть (Том 1) - Алматы: Жеті жарғы, 2015. - С.222-269.

7. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. /Под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова. - Алматы: ТОО Издательство «Норма-К», 2016. – С.69-79.

Тақырып №10. Жаза ұғымы, мақсаттары, жүйесі және түрлері

1. Тақырып мазмұны

Қылмыстық жаза түсінігі. Жаза белгілері. Жазаның мемлекеттік мәжбүрлеудің өзге шараларынан айырмашылығы. Жазаның қылмыстық құқықтық ықпал ету шараларының жүйесіндегі орны. Жаза мақсаттары. Қылмыстық жазалар жүйесінің түсінігі және маңызы. Қылмыстық заңнамада және қылмыстық құқық теориясында жазаларды әралуан жіктер бойынша жіктеу. Негізгі жазаның аралас (қылмыстық теріс қылық үшін де, қылмыс үшін де тағайындалатын) түрлерінің сипаттамасы: айыппұл; түзеу жұмыстары. Тек қылмыстық теріс қылықтар үшін тағайындалатын негізгі жазалардың сипаттамасы: қоғамдық жұмыстарға тарту; қамаққа алу. Тек қылмыстар үшін тағайындалатын негізгі жазалардың сипаттамасы: бас бостандығын шектеу; бас бостандығынан айыру; өлім жазасы. Өлім жазасын қолдану аясын біртіндеп азайтуға бағыт. Қосымша жазалардың сипаттамасы: мүлкін тәркілеу; арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградалардан айыру; белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру; Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыру; шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу.

2. Дәріс және семинар сабақтары тақырыбының студенттің осы тақырыпты меңгерген соң алатын құзырлылығымен байланысы

Осы тақырыпты меңгеру нәтижесінде студент:

білімі:

- жаза түсінігі мен белгілерін біледі;
- жазаның заңда бекітілген мақсаттарын біледі;
- қылмыстық жаза жүйесінің түсінігі мен маңызын біледі;
- қылмыстық теріс қылықтар үшін тағайындалатын негізгі жазаларды, олардың қанаушы мазмұнын біледі;
- қылмыстар үшін тағайындалатын негізгі жазаларды, олардың қанаушы мазмұнын біледі;
- қосымша жазаларды және олардың қанаушы мазмұнын құрайтын құқықтық шектеулерін біледі;

дағдылары:

- жазаны құқық бұзушылықтар үшін қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеудің өзге де шараларынан ажырата алады;
- жазаны өзге де қылмыстық құқықтық ықпал ету шараларынан ажырата алады;
- жазаларды құқықтық шектеу сипаты мен көлеміне қарай жіктей алады;
- сотталғандардың жеке санаттарына жаза түрлерін қолдану бойынша шектеулердің бар немесе жоқ екендігі туралы сұрақты шеше алады.

3. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).
3. «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Заңы (20-1-бабы) (қолданыстағы редакциясында).
4. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – С.161-182.
5. Уголовное право Республики Казахстан: Общая часть: Учебник. /Отв ред. И.И. Рогов, К.Ж. Балтабаев. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. – С.253-301.
6. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть. /Под ред. В.П.Ревина. – Алматы: Жеті жарғы, 2015. – С.277-301.
7. Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Общая часть (Том 1) - Алматы: Жеті жарғы, 2015. - С.273-337.
8. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. /Под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова. - Алматы: ТОО Издательство «Норма-К», 2016. – С.81-101.

Тақырып №11. Жаза тағайындау. Шартты түрде соттау

1. Тақырып мазмұны

Жаза тағайындаудың жалпы негіздерінің түсінігі. Жаза тағайындаудың жалпы негіздерінің мазмұнын құрайтын ережелер (талаптар), оларды бұлжытпай сақтаудың маңызы. Жаза тағайындауда есепке алынуға тиіс мән-жайлар. Қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар. Белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы бойынша

жаза тағайындау. Үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау. Жаза мерзімдерін қосу кезінде мерзімдерді айқындау. Жаза тағайындаудың жеке (арнаулы) негіздері: аяқталмаған қылмыс; сыбайлас қатысып жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін; қылмыстардың қайталануында жаза тағайындау. Жаза мерзімдерін есептеу және жазаны есепке алу.

Шартты түрде соттаудың бас бостандығынан айыруға балама қылмыстық құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі түсінігі және құқықтық табиғаты. Сотталған адамның бас бостандығынан айыру жазасын өтемей түзелуі мүмкін деген түйінге келуі шартты түрде соттауды қолданудың негізі ретінде. Шартты түрде соттауды қолдану шарттары. Шартты түрде соттауды қолдануға шектеулер. Шартты түрде соттаудағы пробациялық бақылау. Пробациялық бақылау мерзімінің ұзақтығы. Пробациялық бақылау мерзімін қысқарту және ұзарту. Шартты түрде соттаудың күшін жою. Пробациялық бақылау мерзімін қысқартуда шартты түрде соттаудың күшін жою. Шартты түрде соттаудың күшін жоюдың теріс негіздері. Теріс негіздер бойынша шартты түрде соттаудың күшін жоюдың құқықтық салдары.

2. Дәріс және семинар сабақтары тақырыбының студенттің осы тақырыпты меңгерген соң алатын құзырлылығымен байланысы

Осы тақырыпты меңгеру нәтижесінде студент:

білімі:

– жаза тағайындаудың жалпы негіздерінің түсінігі мен маңызын біледі;

– жаза тағайындаудың жалпы негіздерінің талаптарын біледі;

– жаза тағайындаудың жеке (арнаулы) негіздерінің талаптарын біледі;

– шартты түрде соттаудың түсінігін және құқықтық табиғатын біледі;

– шартты түрде соттауды қолдану, оның күшін жою негіздері мен шарттарын біледі;

дағдылары:

– тәжірибелік ситуацияларды шешкенде жаза тағайындаудың жалпы негіздерінің талаптарын сақтай алады;

– тәжірибелік ситуацияларды шешкенде жаза тағайындаудың жеке (арнаулы) негіздерінің талаптарын сақтай алады;

– жазаның мерзімдері мен мөлшерін тәжірибелік ситуацияларға қатысты дұрыс есептей алады;

– нақты тәжірибелік ситуациялар бойынша шартты түрде соттауды қолдануға негіздер мен шарттарының бар екендігі туралы сұрақты шеше алады;

– тәжірибелік ситуацияларға қатысты шартты түрде соттаудың күшін жоюға негіздердің бар екендігі туралы сұрақты шеше алады.

3. Судебная практика

1. «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысы (қолданыстағы редакциясында).

2. Қылмыс құрамының белгісі ретінде көзделген ауырлататын мән-жайды жаза тағайындағанда қайта ескеруге болмайтындығы туралы ҚР Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша алқасының 2002 ж. 6 карашадағы № 2а-519-02 қаулысы /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С. 167-168.

3. Үкімдер мен қылмыстардың жиынтығы бойынша жазаның дұрыс тағайындалмауына байланысты қалалық сот үкімін өзгерткен ҚР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер бойынша қадағалау сот алқасының қаулысы /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С. 191-192.

4. Қосымша жаза түрлеріне шартты түрде соттауды қолдануға болмайтындығы туралы ҚР Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша сот алқасының қаулысы /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.195.

5. Тұлғаның ауыр қылмыс жасағандығы оған шартты түрде соттауды қолдануға кедергі бола алмайтыны туралы ҚР Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша қадағалау сот алқасының 2011 ж. 18 қаңтардағы № 2уп-10-11 қаулысы /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.196.

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

3. «Пробация туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 30 желтоқсандағы Заңы (қолданыстағы редакциясында).

4. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – С.182-216.

5. Уголовное право Республики Казахстан: Общая часть: Учебник. /Отв ред. И.И. Рогов, К.Ж. Балтабаев. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. – С.302-340.

6. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть. /Под ред. В.П.Ревина. – Алматы: Жеті жарғы, 2015. – С.302-330.

7. Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Общая часть (Том 1) - Алматы: Жеті жарғы, 2015. - С.337-388.

8. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. /Под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова. - Алматы: ТОО Издательство «Норма-К», 2016. – С.101-119.

Тақырып №12. Қылмыстық жауаптылықтан босату

1. Тақырып мазмұны

Қылмыстық жауаптылықтан босату түсінігі, қылмыстық жауаптылықтан босатудың қылмыстық құқықтың іргелес институттарынан айырмашылығы. Қылмыстық жауаптылықтан босату институтының маңызы. Қылмыстық жауаптылықтан босату түрлері: жалпы және арнайы. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың жалпы түрлері: шынайы өкінуіне байланысты; қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде; процестік келісімнің талаптары орындалған кезде; татуласуға байланысты; кепілгерлік белгіленуіне байланысты; жағдайдың өзгеруіне байланысты; ескіру мерзімінің өтуіне байланысты; рақымшылық актісі негізінде. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігінің баптарында көзделген арнайы түрлері. Қылмыстық жауаптылықтан босатуға уәкілеттік берілген лауазымды адамдар. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың құқықтық салдары.

2. Дәріс және семинар сабақтары тақырыбының студенттің осы тақырыпты меңгерген соң алатын құзырлығымен байланысы

Осы тақырыпты меңгеру нәтижесінде студент:

білімі:

- қылмыстық жауаптылықтан босату түсінігі мен маңызын біледі;
- қылмыстық жауаптылықтан босатудың жалпы түрлерін және олардың әрбірі бойынша босату шарттарын біледі;
- қылмыстық жауаптылықтан босатудың арнайы түрлерін біледі;

дағдылары:

- қылмыстық жауаптылықтан босатуды қылмыстық құқықтың іргелес институттарынан ажырата алады;
- тәжірибелік ситуацияларға қатысты қылмыстық жауаптылықтан босату шарттарының бар немесе жоқ екендігі туралы сұрақты шеше алады.

3. Сот тәжірибесі

1. «Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 68-бабын қолдану жөніндегі сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 21 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысы (қолданыстағы редакциясы).

2. Рақымшылық актісі бойынша ауыр қылмыс жасаған адамдарды қылмыстық жауаптылықтан босатуға болмайтындығы туралы ҚР Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша қадағалау сот алқасының 2012 ж. 29 мамырдағы № 2уп-124-12 қаулысы /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С. 212.

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

3. «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы Заңы (қолданыстағы редакциясында).

4. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – С.216-222.

5. Уголовное право Республики Казахстан: Общая часть: Учебник. /Отв ред. И.И. Рогов, К.Ж. Балтабаев. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. – С.341-378.

6. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть /Под ред. В.П.Ревина. – Алматы: Жеті жарғы, 2015. – С.330-346.

7. Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Общая часть (Том 1) - Алматы: Жеті жарғы, 2015. - С.388-421.

8. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан /Под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова. - Алматы: ТОО Издательство «Норма-К», 2016. – С.119-133.

Тақырып №13. Жазадан босату. Сотталғандық

1. Тақырып мазмұны

Жазадан босату түсінігі. Жазадан босату институтының маңызы. Жазадан босату түрлері: жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату; жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру не тағайындалған жаза мерзімін қысқарту; жазаны өтеуді кейінге қалдыру; ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату; ауыр мән-жайлардың тоғысуы салдарынан жазадан босату және жазаны өтеуді кейінге қалдыру; айыптау үкімінің ескіру мерзімінің өтуіне байланысты жазаны өтеуден босату; рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде жазадан босату. Сотталғандық қылмыс үшін сотталудың құқықтық салдары ретінде. Сотталғандықты қылмыстардың

қайталануының түрін анықтағанда және жаза тағайындағанда ескеру. Сотталғандықты жою мерзімдері.

2. Дәріс және семинар сабақтары тақырыбының студенттің осы тақырыпты меңгерген соң алатын құзырлылығымен байланысы

Осы тақырыпты меңгеру нәтижесінде студент:

білімі:

- жазадан босату түсінігі мен маңызын біледі;
- жазадан босату түрлерін және олардың әрбірі бойынша босату шарттарын біледі;
- сотталғандық түсінігін, сотталғандықты жою және алып тастау тәртібін біледі;

дағдылары:

- жазадан босатуды қылмыстық құқықтың іргелес институттарынан ажырата алады;
- тәжірибелік ситуацияларға қатысты жазадан босатуға негіздердің бар немесе жоқ екендігі туралы сұрақты шеше алады;
- сотталғандықты жою мерзімдерін есептей алады.

3. Сот тәжірибесі

1. «Ауруға шалдығуына байланысты жазаны одан әрі өтеуден босату туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 11 сәуірдегі № 7 нормативтік қаулысы (қолданыстағы редакциясында).

2. «Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстырудың және тағайындалған жаза мерзімін қысқартудың сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 2 қазандағы № 6 нормативтік қаулысы (қолданыстағы редакциясында).

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

3. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – С.222-238.

4. Уголовное право Республики Казахстан: Общая часть: Учебник. /Отв ред. И.И. Рогов, К.Ж. Балтабаев. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. – С.379-416.

5. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть /Под ред. В.П.Ревина. – Алматы: Жеті жарғы, 2015. – С.346-384.

6. Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Общая часть (Том 1) - Алматы: Жеті жарғы, 2015. - С.421-445.

7. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. /Под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова. - Алматы: ТОО Издательство «Норма-К», 2016. – С.133-152.

Тақырып №14. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы

1. Тақырып мазмұны

Он сегіз жасқа дейін қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдардың қылмыстық жауаптылығының жалпы сұрақтары. Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жазалар. Кәмелетке толмағандарға қолданылатын тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары, олардың қылмыстық жазадан айырмашылығы. Он сегіз жасқа дейін қылмыстық жазаланушы әрекет жасаған адамдарды қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатудың ерекшеліктері. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығының өзге де ерекшеліктері. Қазақстандағы қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату шарттарын кеңейту арқылы кәмелетке толмағандарды қылмыстық қудалау аясын біртіндеп тарылтуға бағыт.

2. Дәріс және семинар сабақтары тақырыбының студенттің осы тақырыпты меңгерген соң алатын құзырлылығымен байланысы

Осы тақырыпты меңгеру нәтижесінде студент:

білімі:

– кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығының ерекшеліктерін біледі;

– кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жаза түрлерін біледі;

– тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шараларының түрлерін біледі;

дағдылары:

– кәмелетке толмағандарға жаза тағайындауға байланысты тәжірибелік ситуацияларды шеше алады;

– кәмелетке толмағандарға тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шараларын тағайындауға байланысты тәжірибелік ситуацияларды шеше алады;

– кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатуға байланысты тәжірибелік ситуацияларды шеше алады.

3. Сот тәжірибесі

1. «Кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстары және оларды қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 11 сәуірдегі № 6 нормативтік қаулысы (қолданыстағы редакциясында).

2. Кәмелетке толмағандарға тағайындалған бас бостандығын шектеу жазасының мерзімін қысқартқан ҚР Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша қадағалау сот алқасының 2012 ж. 13 наурыздағы № 2уп-67-12 қаулысы /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С. 154-155.

3. Кәмелетке толмағандарға мүлкін тәркілеу қосымша жазасын тағайындауға болмайтындығы туралы ҚР Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша алқасының 2002 ж. 18 желтоқсандағы № 2н-141-02 қаулысы /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С. 158-160.

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

3. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңы (14-бабы).

4. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – С.238-245.

5. Уголовное право Республики Казахстан: Общая часть: Учебник. /Отв ред. И.И. Рогов, К.Ж. Балтабаев. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. – С.417-436.

6. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть. /Под ред. В.П.Ревина. – Алматы: Жеті жарғы, 2015. – С.384-398.

7. Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Общая часть (Том 1) - Алматы : Жеті жарғы, 2015. - С.446-476.

8. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. /Под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова. - Алматы: ТОО Издательство «Норма-К», 2016. – С.153-164.

Тақырып №15. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары

1. Тақырып мазмұны

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының түсінігі, қолдану мақсаттары мен құқықтық табиғаты. Бұл шаралардың жазадан айырмашылығы. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану негіздері. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылатын адамдар шеңбері. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу

шараларының түрлері. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануды ұзарту, өзгерту және тоқтату. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылғаннан кейін жаза тағайындау. Жазаны орындаумен біріктірілген медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары.

2. Дәріс және семинар сабақтары тақырыбының студенттің осы тақырыпты меңгерген соң алатын құзырлылығымен байланысы

Осы тақырыпты меңгеру нәтижесінде студент:

білімі:

– медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының түсінігі мен қолдану мақсаттарын біледі;

– медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану негіздерін біледі;

– медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының түрлерін біледі;

дағдылары:

– медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын өзге де қылмыстық құқықтық ықпал ету шараларынан ажырата алады;

– медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануға байланысты тәжірибелік ситуацияларды шеше алады.

3. Сот тәжірибесі

«Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану жөніндегі сот тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі № 8 нормативтік қаулысы (қолданыстағы редакциясында).

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

3. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі кодексі (20-тарауы).

4. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – С.245-251.

5. Уголовное право Республики Казахстан: Общая часть: Учебник. /Отв ред. И.И. Рогов, К.Ж. Балтабаев. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. – С.437-447.

6. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть. /Под ред. В.П.Ревина. – Алматы: Жеті жарғы, 2015. – С.399-413.

7. Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Общая часть (Том 1) - Алматы: Жеті жарғы, 2015. - С.476-495.

8. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. /Под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова. - Алматы: ТОО Издательство «Норма-К», 2016. – С.164-170.

Тақырып №16. Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Тақырып мазмұны

ҚР Конституциясы жеке адамға қол сұғылмаушылық, Қазақстан Республикасында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктері, адам өмірі мен денсаулығын қорғау туралы. Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар түсінігі және түрлері. Өмірге қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Адам өлтіру түсінігі және түрлері. Адам өлтіруді адамды қазаға ұшыратумен байланысты өзге де қылмыстардан ажырату. Өмірге қарсы қылмыстардың өзге түрлері. Денсаулыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Денсаулыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері. Абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соққан денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру. Азаматтардың өмірі мен денсаулығын қауіпті жағдайда қалдыратын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері, өмірге және денсаулыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардан айырмашылығы. Жыныстық бостандық пен жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Жеке бостандыққа қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар. Адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Шынайы өкінудің арнаулы түрлерінің негізінде қылмыстық жауаптылықтан босату.

2. Дәріс және семинар сабақтары тақырыбының студенттің осы тақырыпты меңгерген соң алатын құзырлығымен байланысы

Осы тақырыпты меңгеру нәтижесінде студент:

білімі:

– жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігін және қоғамға қауіптілігін біледі;

– жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың тікелей объектісі бойынша жіктелуін біледі;

– жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың негізгі, жеңілдетілген және сараланған құрамдарының элементтері мен белгілерін, олардың аяқталу мезеттерін біледі;

– жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың іргелес қылмыстық құқық бұзушылықтардан айырмашылығын біледі;

дағдылары:

– жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарының тікелей объектілеріне қарай түрлерін дербес анықтай алады;

– жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың нақты түрлерінің белгілерін нақты практикалық ситуациялар бойынша анықтай алады;

– жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарының конструкциясын, олардың аяқталу мезеттерін анықтай алады;

– жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды іргелес қылмыстық құқық бұзушылықтардан ажырата алады;

– жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарын қылмыстық заңға бұлжытпай сәйкестікте дұрыс анықтау үшін нормативтік қаулылармен жұмыс істей алады.

3. Сот тәжірибесі

1. Дене жарақаттарының көптігін саралау және адамды күйде деп тану сұрақтары бойынша ҚР Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша сот алқасының 2009 жылғы 5 тамыздағы №2к-588-99 қаулысы / Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.224- 226.

2. Адам өлтіруді «аса қатыгездікпен жасалған» саралаушы белгісі сұрағы бойынша ҚР Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша сот алқасының 1997 жылғы 23 шілдедегі №2к-483-97 ұйғарымы / Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.229.

3. Заңсыз бас бостандығынан айыру сұрағы бойынша ҚР Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша қадағалау алқасының №4уп-02-08 қаулысы / Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.266.

4. Б. мен Н. арасында туындаған жанжал кезінде Б. Н-ды балағаттаған, ал Н. Б-ны кірер есікке қарай итере бастаған. Осы кезде Б-да маникюрге арналған қайшымен Н-ның денсаулығына ауыр зиян келтіруге қасақана ой пайда болған. Өзінің қылмыстық пиғылын іске асыра отырып, Б. қайшыны алып, Н-ның сол жақ көзіне қасақаналықпен бір соққы жасаған. Нәтижесінде Н. бір көзінен айырылған (Астана қ-сы, Алматы аудандық №2 сотының үкімі // <http://astana.sud.kz/rus/news/konflikt-privel-k-udaleniyu-glaza>).

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

3. «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» ҚР Жоғарғы сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы №1 нормативтік қаулысы (қолданыстағы редакциясында).

4. «Адамды саудаға салғаны үшін жауапкершілік анықтайтын заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 29 желтоқсандағы №7 нормативтік қаулысы (қолданыстағы редакциясында).

5. «Зорлау және нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттерімен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы №4 нормативтік қаулысы (қолданыстағы редакциясында).

6. «Қажетті қорғану туралы заңнаманы қолдану туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы №2 нормативтік қаулысы (қолданыстағы редакциясында).

7. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – Б.251-298.

8. Уголовное право Республики Казахстан. Учебник для вузов. Том 1. Особенная часть (главы 1 – 10) /Отв. ред. И. Рогов, К. Балтабаев, А. Коробеев. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. -С. 13- 90.

9. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. /Под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова. - Алматы: ТОО Издательство «Норма-К», 2016. - С.170 - 218.

10. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П., Рыхлов О.А. Уголовное право Республики Казахстан. Общая и Особенная части /Под ред. В.П. Ревина. – Алматы: Жеті жарғы, 2010. - С.473-522.

Тақырып №17. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Тақырып мазмұны

Қазақстан Республикасының Конституциясы меншікті оның нысандарына қарамастан бірдей қорғалатыны туралы. Меншік материалдық дүниенің заттарын иемдену, пайдалану және оларға билік ету бойынша адамдар арасындағы қарым-қатынастарды сипаттайтын экономикалық категория ретінде. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері. Жымқыру түсінігі және белгілері. Жымқыру нысандары және түрлері (ұрлық, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу, алаяқтық, тонау, қарақшылық). Меншікке қарсы жымқыру болып табылмайтын пайдакүнемдік қол сұғушылықтар. Бөтеннің мүлкін жою немесе бүлдіру.

2. Дәріс және семинар сабақтары тақырыбының студенттің осы тақырыпты меңгерген соң алатын құзырлылығымен байланысы

Осы тақырыпты меңгеру нәтижесінде студент:

білімі:

– меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жіктелуін біледі;

– жымқыру белгілерін, нысандары мен түрлерін біледі;

– меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың негізгі және сараланған құрамдарының элементтері мен белгілерін, олардың аяқталу мезеттерін біледі;

– меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарын іргелес қылмыстық құқық бұзушылықтардан айырмашылығын біледі;

дағдылары:

– меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың әрбір құрамының элементтері мен белгілерін нақты практикалық ситуацияларға қатысты анықтай алады;

– меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды іргелес қылмыстық құқық бұзушылықтардан ажырата алады;

– меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау сұрақтары бойынша өз пікірін логикалық ұйқастықта жеткізе алады.

3. Сот тәжірибесі

1. Қоймаға кірумен жасалған жымқыруды саралау сұрақтары бойынша ҚР Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша қадағалау сот алқасының 2011 ж. 20 қыркүйектегі №2уп-230-11 қаулысы /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.273-274.

2. Жымқырудың ірі мөлшерін анықтау және жымқырылған мүліктің құнын қосуға жол берілмейтіндігі сұрағы бойынша ҚР Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша қадағалау сот алқасының 2012 жылғы 24 шілдедегі №2уп-191-12 қаулысы / Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.277-279.

3. Жакупов Астана қаласының көшерелірінің бірінде «Митсубиси Паджеро» маркалы автокөлікті көргенінде оны заңсыз иемденуге қылмыстық пиғылы пайда болады. Осы қылмыстық ойын іске асыру үшін Жакупов айналасында ешкімнің болмағанын және ешкім оның әрекеттерін байқап тұрмағанын пайдаланып, «Митсубиси Паджеро» автокөлігінің есігін ашып, оны заңсыз иеленіп алады. Жакуповты полиция қызметкерлері заңсыз иеленген автокөлігін айдау үстінде ұстаған (Астана қ-сы Алматы аудандық №2 сотының қаулысы) // <http://astana.sud.kz/rus/news>.

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

3. «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі №8 нормативтік қаулысы (қолданыстағы редакциясында).

4. «Алаяқтық туралы істер бойынша сот практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 29 маусымдағы №6 нормативтік қаулысы (қолданыстағы редакциясында).

5. «Қорқытып алушылық туралы істер бойынша сот практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 23 маусымдағы №6 нормативтік қаулысы (қолданыстағы редакциясында).

6. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – Б.364-401.

7. Уголовное право Республики Казахстан. Учебник для вузов. Том 1. Особенная часть (главы 1-10) /Отв. ред. И. Рогов, К. Балтабаев, А. Коробеев. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. -С.242-298.

8. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан /Под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова.- Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2016. - С.305-356.

9. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П., Рыхлов О.А. Уголовное право Республики Казахстан. Общая и Особенная части /Под ред. В.П. Ревина. – Алматы: Жеті жарғы, 2010. – С.576-639.

Тақырып №18. Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Тақырып мазмұны

Қазақстан Республикасының Конституциясы қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті қорғау туралы. Қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері. Қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Қауіпсіздіктің арнаулы ережелерін бұзуға байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар. Жалпыға қауіпті заттармен жұмыс істеудің белгіленген ережелерін бұзуға байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар. Қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2. Дәріс және семинар сабақтары тақырыбының студенттің осы тақырыпты меңгерген соң алатын құзырлылығымен байланысы

Осы тақырыпты меңгеру нәтижесінде студент:

білімі:

– қылмыстық құқықтық қорғау объектері ретіндегі қоғамдық қауіпсіздіктің, қоғамдық тәртіптің түсінігін біледі;

– қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жіктелуін біледі;

– қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамының элементтері мен белгілерін, олардың аяқталу мезаттерін біледі;

– қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың іргелес қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарынан айырмашылығын біледі;

дағдылары:

– қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарының элементтері мен белгілерін практикалық ситуацияларға қатысты анықтай алады;

– қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарын іргелес қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарынан ажырата алады;

– практикалық ситуацияларды шешкенде нормативтік құқықтық акттерді іс жүзінде қолдана алады.

3. Сот тәжірибесі

1. Күш қолданумен жасалған бұзақылықты саралау сұрағы бойынша ҚР Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша қадағалау сот алқасының 2012 жылғы 3 шілдедегі №2уп-163-12 қаулысы /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.314-315.

2. Бұзақылықты саралау сұрағы бойынша ҚР Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша қадағалау сот алқасының 2011 жылғы 22 қарашадағы №2уп-298-11 қаулысы /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С. 315-316.

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

3. «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Заңы (қолданыстағы редакциясында).

4. «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңы (қолданыстағы редакциясында).

5. «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы Заңы (қолданыстағы редакциясында).

6. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы Заңы (қолданыстағы редакциясында).

7. «Атом энергиясын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 12 қаңтардағы Заңы (қолданыстағы редакциясында).

8. «Атыс қаруларын, оқ-дәріні, қару-жарақты немесе жарылғыш заттарды ұрлау, оларды заңсыз алып жүру, ұстау, жасау немесе өткізу, атыс қаруларын ұқыпсыз ұстау туралы істер жөніндегі сот тәжірибесі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 1995 жылғы 21 шілдедегі №4 нормативтік қаулысы (қолданыстағы редакциясында).

9. «Соттардың бандитизм және қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатыса отырып, басқа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 21 маусымдағы №2 нормативтік қаулысы (қолданыстағы редакциясында).

10. «Бұзақылық жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 12 қаңтардағы №3 нормативтік қаулысы (қолданыстағы редакциясында).

11. «Контрабанда үшін қылмыстық жауапкершілік жөніндегі заңдарды қолдану тәжірибесі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 1997 жылғы 18 шілдедегі №10 нормативтік қаулысы (қолданыстағы редакциясында).

12. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – Б.469-520.

13. Уголовное право Республики Казахстан. Учебник для вузов. Том 2. Особенная часть (главы 11-18) /Отв. ред. И. Рогов, К. Балтабаев, А. Коробеев. – Алматы: Жеті жарғы, 2017. -С.7-173.

14. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан /Под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова. – Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2016. - С.453-513.

Тақырып №19. Халық денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Тақырып мазмұны

Қазақстан Республикасының Конституциясы халық денсаулығы мен имандылықты қорғау туралы. Халық денсаулығы мен имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсігіні және түрлері. Халық денсаулығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен, прекурсорлармен өткізу мақсатынсыз заңсыз немесе өткізу мақсатымен жұмыс істеу. Имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2. Дәріс және семинар сабақтары тақырыбының студенттің осы тақырыпты меңгерген соң алатын құзырлылығымен байланысы

Осы тақырыпты меңгеру нәтижесінде студент:

білімі:

– халық денсаулығы мен имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жіктелуін біледі;

– есірткі, психотроптық заттардың, прекурсорлардың, сол тектестердің ұғымын біледі;

– халық денсаулығы мен имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарының элементтері мен белгілерін, олардың аяқталу мезеттерін біледі;

– халық денсаулығы мен имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарының іргелес қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарынан айырмашылығын біледі;

дағдылары:

– халық денсаулығы мен имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарының элементтері мен белгілерін практикалық ситуацияларға қатысты анықтай алады;

– халық денсаулығы мен имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарын іргелес қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарынан ажырата алады;

– халық денсаулығы мен имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы қылмыстық құқықтық нормалардың бланкетті диспозициялары сілтейтін нормативтік құқықтық акттерді іс жүзінде қолдана алады.

3. Сот тәжірибесі

1. Есірткі заттарды сатып алушының пайдасына жасалған әрекеттерді саралау сұрағы бойынша ҚР Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша қадағалау сот алқасының 2010 жылғы 1 маусымдағы №2уп-90-10 қаулысы //Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.334-335.

2. Жолаушы поезд вагонын қызметтік іздеуші иттің көмегімен қарау барысында А. азаматтың қалтасынан полиэтилен түймеге оралған зат табылған. Ол артынан «гашиш» есірткі заты ретінде анықталған (Астана қ-сы Сарыарқа аудандық №2 сотының үкімі // <http://astana.sud.kz/rus/news/u-passazhira-poezda-naydeno>).

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

3. Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

4. «Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі Заңы (қолданыстағы редакциясында).

5. «Есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қатысты істер бойынша заңнаманы қолдану туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 1998 жылғы 14 мамырдағы №3 нормативтік қаулысы (қолданыстағы редакциясында).

6. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – Б.520-548.

7. Уголовное право Республики Казахстан. Учебник для вузов. Том 2. Особенная часть (главы 11-18) /Отв. ред. И. Рогов, К. Балтабаев, А. Коробеев. – Алматы: Жеті жарғы, 2017. - С.174-209.

8. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан /Под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова. – Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2016. - С.514-541.

9. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П., Рыхлов О.А. Уголовное право Республики Казахстан. Общая и Особенная части /Под ред. В.П. Ревина. – Алматы: Жеті жарғы, 2010. - С.680-702.

Тақырып №20. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Тақырып мазмұны

Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрес маңызы. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық қылмыстар. Сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің түсінігі. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2. Дәріс және семинар сабақтары тақырыбының студенттің осы тақырыпты меңгерген соң алатын құзырлылығымен байланысы

Осы тақырыпты меңгеру нәтижесінде студент:

білімі:

– сыбайлас жемқорлық түсінігін, сыбайлас жемқорлық қылмыстардың тізімі мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл принциптерін біледі;

– сыбайлас жемқорлықтың арнайы субъектілерінің түрлерін біледі;
– мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарының элементтері мен белгілерін, олардың аяқталу мезеттерін біледі;

– сыбайлас жемқорлық қылмыстардың іргелес қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарынан айырмашылығын біледі;

дағдылары:

– мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарының элементтері мен белгілерін нақты практикалық ситуацияларға қатысты анықтай алады;

– мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарын іргелес қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарынан ажырата алады;

– сыбайлас жемқор мінез-құлыққа нольдік шыдамсыздық таныту бойынша өз пікірін логикалы ұйқастықта жеткізе біледі.

3. Сот тәжірибесі

1. ҚР Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша қадағалау сот алқасының 2010 жылғы 27 шілдедегі №2уп-175-10 қаулысы /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.353-354.

2. ҚР Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша алқасының 2002 жылғы 15 қаңтардағы №2н-4-02 қаулысы / /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.354-356.

3. Мемлекеттік қызметшінің ақша түрінде бірнеше рет пара алу фактісі бойынша Астана қ-сы Есіл аудандық №2 сотының үкімі // <http://astana.sud.kz/rus/news/sud-vynes-prigovor-v-otnoshenii-eks-zamestitelya-predsdatelya-agentstva-po-delam-sporta-i-0>.

4. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған (қолданыстағы редакциясында).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі (қолданыстағы редакциясында).

3. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңы (қолданыстағы редакциясында).

4. «Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы №8 нормативтік қаулысы (қолданыстағы редакциясында).

5. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – Б.606-637.

6. Уголовное право Республики Казахстан. Учебник для вузов. Том 2. Особенная часть (главы 11-18) /Отв. ред. И. Рогов, К. Балтабаев, А. Коробеев. – Алматы: Жеті жарғы, 2017. -С.337-382.

7. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан /Под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова. – Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2016. - С.594-609.

8. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П., Рыхлов О.А. Уголовное право Республики Казахстан. Общая и Особенная части /Под ред. В.П. Ревина. – Алматы: Жеті жарғы, 2010. - С.740-761.

9. Сулейменова Г.Ж. Научно-правовое заключение о квалификации деяния, предусмотренного ч.5 ст.311 УК РК // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31102615#.

III. Тематика практических (семинарских) занятий

Тақырып №1. Қылмыстық құқық түсінігі, міндеттері, жүйесі және принциптері

1. Қарастырылатын сұрақтар

- 1) Қылмыстық құқық пәні, әдісі және міндеттері
- 2) Қылмыстық құқық жүйесі
- 3) Қылмыстық құқық принциптері
- 4) Қылмыстық құқық ғылымы

2. Ұсынылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

Тақырып №2. Қылмыстық заң

1. Қарастырылатын сұрақтар

- 1) Қылмыстық заң түсінігі
- 2) Қылмыстық заң жүйесі және құрылымы
- 3) Қылмыстық құқықтық норма құрылымы
- 4) Қылмыстық заңның кеңістіктегі күші
- 5) Қылмыстық заңның уақыттағы күші. Қылмыстық заңның кері күші
- 6) Қылмыстық заңды талқылау

2. Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар

№1. Қазақстан Республикасының азаматы Медетов Түрік Республикасында іс-сапарда жүргенінде жергілікті тұрғынмен төбелес шығарып, оның денсаулығына орта дәрежеде зиян келтірген.

Медетовды қай мемлекеттің заңы бойынша жауапқа тарту керек?

№2. Мас күйіндегі бейтаныс ер адам ресторандағы қызмет сапасына қанағаттанбай, даяшымен сөзге келіп қалып, жұдырығымен оның бетіне бірнеше соққы жасаған. Оның жеке басын анықтау барысында ол Қазақстандағы шетелдік мемлекеттің дипломаты екендігі анықталады. Соттық-медициналық сараптама қорытындысы бойынша даяшының денсаулығына ауыр зиян келтірілген.

Осы жағдайда дипломаттың қылмыстық жауаптылығы туралы мәселе қалай шешілуге тиіс?

№3. Сапрыкин мас күйде автокөлікке отырып, 2014 жылдың 31 желтоқсанында жаяу жүргіншіні қағып кеткен. Алған жарақаттарынан жәбірленуші 2015 жылдың 1 қаңтарында қайтыс болған.

Қай қылмыстық заң бойынша Сапрыкинді қылмыстық жауапқа тарту керек? Кейсті шешу үшін 1997 ж. ҚР ҚК 296-баб. 2-бөлігін және 2014 ж. ҚР ҚК 345-баб. 3-бөлігін салыстырыңыз.

3. Ұсынылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

Тақырып №3. Қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Қарастырылатын сұрақтар

- 1) Қылмыстық құқық бұзушылық түсінігі және белгілері.
- 2) Қылмыстық теріс қылық.
- 3) Қылмыс және оның санаттары.
- 4) Қылмыстық құқық бұзушылықтың өзге құқық бұзушылықтардан айырмашылығы.

2. Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар

№1. Комаров кешкі уақытта масаң күйінде қоғамдық көлікке отырады. Жолаушылардың ашулы түрлерін көрген соң, олардың көңіл-күйлерін көтеру үшін Комаров бүкіл автобуска дауысын шығарып анекдоттар айта бастайды. Оның қоса әңгімесіне былапыт сөздерді де жиі қосып отырған. Өзінің бұл ісі сәтті болмағанын түсініп, Комаров әдепсіз өлеңбер айтуға көшеді.

ҚР ҚК 293-бабы 1-бөлігінде көзделген қылмыс пен ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Кодексінің 434-бабы 1-бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық белгілерін салыстырыңыз. Комаровтың жауаптылығы туралы сұрақты шешіңіз.

№2. ҚР ҚК Ерекше бөлігінің баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрін және (немесе) санатын анықтаңыз.

Ескерту: баптарды оқытушы анықтайды.

3. Ұсынылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

Тақырып №4. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы қылмыстық жауаптылықтың негізі ретінде

1. Қарастырылатын сұрақтар

- 1) Қылмыстық жауаптылық түсінігі және негізі.
- 2) Қылмыстық жауаптылықты жүзеге асыру нысандары.
- 3) Қылмыстық жауаптылық және қылмыстық құқықтық қатынастар.
- 4) Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының түсінігі және маңызы, оның қылмыстық құқық бұзушылық ұғымымен арақатынасы.
- 5) Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының элементтері және белгілері.
- 6) Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының түрлері.

2. Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар

№1. Ахметов тұрғын үй-жайға заңсыз кіріп тонау жасаған (ҚР ҚК 191-баб. 2-бөл. 4)-тарм.) және көп ұзамай полиция қызметкерлерімен ұсталған. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында қылмыстық жауаптылықтан жалтару мақсатында ол осы қылмысты Рахметов деген танысы істегені туралы жалған жеткізген.

Ахметовты көрінеу жалған сөз жеткізу (ҚР ҚК 419-бабы) немесе көрінеу жалған көрсетпе беру үшін (ҚР ҚК 420-бабы) қылмыстық жауапқа тартуға негіз бар ма?

№2. Кәмелетке толмаған Дауренов 2016 жылдың 25 мамырында өзінің сыныптасы Жолдасовтың пәтерінен ол сирек қолданып жүрген ноутбук ұрлаған. Затының жоғалғанын Жолдасов тек 30 тамызда ғана анықтап, дереу полицияға арыз берген. Сол күні-ақ жымқыру айғағы СТБТ-да тіркеліп, сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған. Қылмысты Дауренов жасағаны 2016 жылдың 3 қыркүйегінде анықталған. 2016 жылдың 20 қазанында осы қылмыстық іс бойынша басты сот талқылауы өткен, оның нәтижесі бойынша Дауренов ҚР ҚК 188-баб. 2-бөл. 3)-тарм. бойынша кінәлі деп танылады. ҚР ҚК 83-баб. 2-бөл. негізінде сот Дауреновты жазадан босатып, оған бір жылға бос уақытын шектеу және мінез-құлқына ерекше талаптар өю түріндегі тәрлиебiк ықпалы бар мәжбүрлеу шараларын қолданған.

Берілген мәліметтер негізінде қылмыстық жауаптылық пен қылмыстық құқықтық қатынастардың пайда болуы мен жүзеге асырылуының мезеттерін анықтаңыз. Қылмыстық жауаптылық қандай нысанда жүзеге асырылған.

ҚР ҚК Ерекше бөлігі баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарының:

- а) қоғамға қауіптілік дәрежесіне қарай;
- б) құрылымы бойынша;
- в) конструкциясына қарай түрлерін анықтаңыз.

Ескерту: баптарды оқытушы көрсетеді.

3. Ұсынылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

Тақырып №5. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының элементтері мен белгілері

1. Қарастырылатын сұрақтар

1) Қылмыстық құқық бұзушылық объектісінің түсінігі және маңызы, қылмыстық құқық бұзушылық объектісінің түрлері.

2) Қылмыстық құқық бұзушылық заты және жәбірленушісінің жеке басы.

3) Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағының түсінігі, белгілері және маңызы.

4) Формалды және материалды құрамдас қылмыстық құқық бұзушылықтардағы объективтік жағының міндетті белгілері.

5) Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағының факультативті белгілері.

6) Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің түсінігі және белгілері.

7) Қылмыстық құқық бұзушылықтың арнайы субъектісі.

8) Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының түсінігі және белгілері.

9) Қылмыстық құқықтағы кінә түсінігі, кінә нысандары және түрлері.

10) Қылмыстық құқықтағы кателесу және оның қылмыстық жауаптылыққа әсері.

2. Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар

№1. Пневмониясын емдеуіне байланысты облыстық емханада болған Досымов процедуралық бөлмеден құрамында есірткі заты бар дәрі-дәрмектің үш ампуласын жымқырған. Оның әрекеттері ҚР ҚК 298-баб. 1-бөл. бойынша сараланған.

Досымовтың жасаған қылмысының негізгі және қосымша тікелей объектітерін анықтаңыз. Оның қылмысының заты не?

№2. Аң аулауды жақсы көретін Смаилов Орынборда қонақта болғанында туыстары «Сайга-МК» аң аулайтын мылтыққа патрондарды сыйлыққа алған. Оқ-дәрілерді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өткізе бергенде Смаиловты ҚР ҰҚК шекара қызметінің қызметкерлері ұстап алады.

ҚР ҚК 234 және 286-баптарының мазмұнымен танысыңыз, осы қылмыстық құқық бұзушылықтардың объектітері мен заттарын анықтаңыз.

№3. Сапаров несие алу үшін Альфа-Банктің бөлімшесіне келеді. Сапаровқа қызмет көрсету банкте жұмыс тәжірибесі аз Мұқановаға тапсырылады. Құжаттарды рәсімдегенде Мұқанова Сапаровтан дербес деректерді жинауға және өңдеуге жазбаша келісімін алуды ұмытып кеткен. Клиенттің жазбаша келісімі болмағанына қарамастан, Мұқанова несие бюросынан Сапаровтың несиелік тарихы туралы ақпаратқа сұраныс береді. Алынған ақпарат нәтижесінде Сапаровқа несие беруден бас тартылады.

ҚР ҚК 147-баб. 2-бөл. мазмұнымен танысыңыз, осы қылмыстың объективтік жағының белгілерін анықтаңыз. Олар Мұқанованың әрекеттерінде бар ма?

№4. Ким жолдың жүру бөлігінен бағдаршамның жасыл түсі жанып тұрғанда өте бастайды, қызыл түсі жанғанында жолын жалғастыра береді. Ол сол жақ қатарда тұрған автобустың алдынан өте бергенде оны жеңіл көлік қағып кетеді. Жеңіл көлікті Самалова басқарып келген және ол бағдаршамның жасыл түсі бойынша қозғалған. Қағып кету салдарынан Кимнің денсаулығына орта дәрежеде зиян келген.

Қағып кету себебін анықтаңыз. ҚР ҚК 345-бабының мазмұнымен танысыңыз. Самалованы осы бап бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартуға болады ма?

№5. Смирнов пен Абдуллин дін сұрақтары бойынша дауласып қалады. Абдуллин дау барысында поптарды жек көретінін айтып, православ дініндегі дәни рәсімдерді жамандап, осы конфессия өкілдерінің беделін түсіретін сөздер айтады.

Абдуллиннің әрекеттеріне қылмыстық құқықтық баға беріңіз. ҚР ҚК 174-бабының мазмұнымен танысып, қылмыстың объективтік жағының белгілерін анықтаңыз. Олар Абдуллиннің әрекеттерінде бар ма?

№6. Сейсембаев кинотеатрда ешбір негізсіз жанжал шығарады: қасындағыларға тиісіп, дауысын шығарып, әдепсіз өлеңдер айтып, кинозалдағы мүлікті де бүлдіреді. Келген полиция қызметкерлері Сейсембаевтың қалтасынан оны психикасының бұзылуына байланысты қарулы күштері қатарынан босату туралы анықтамасын тауып алады. Полиция қызметкерлері оны есі дұрыс емес екен деп шешіп, бұзақылық үшін қылмыстық жауапқа тартпаған.

Полиция қызметкерлерінің позициясына баға беріңіз.

№7. Кәмелетке толмаған Даулов пен Порошенко 2016 жылдың 14 қыркүйегінде зейнеткер Кудасовтан теуіп қайтуға мопед сұрайды. Зейнеткер рұқсат бермеген соң олар бір-бірімен уағдаласып, біреуі зейнеткерді алдастырып тұрғанында екіншісі мопедті айдап кетеді де, екеуі мопедті оның жанар-майы біткенге дейін айдап, одан соң оны иесіне қайтарады. Даулов 2002 жылдың 14 қыркүйегінде, ал Порошенко – 2001 жылдың 5 мамырында туғаны белгілі.

ҚР ҚК 200-бабының мазмұнымен танысыңыз. Даулов пен Порошенко осы қылмыстың субъекттері бола ала ма?

№8. Мас күйдегі Жомартов пен Куликов үй подъездінің алдында мас күйінде ұйықтап жатырған Д-ны зорлауға келіседі. Олар Д-ны подъезд маңынан адам жүрмейтін жерге алып барады да, зорлап, 20 градусық аязда далаға тастап кетеді. Д үсіп қалғандықтан, қаза болады.

ҚР ҚК 120-бабының мазмұнымен танысыңыз. Жомартов пен Куликовтың әрекеттеріндегі кінә нысандарын анықтаңыз. Қос кінә дегеніміз не?

№9. Дератизациялық қызмет (кеміргіштерді құрту) көрсетумен айналысатын ұйым қызметкері Комаров «Егінді» елді мекенінде химиялық әдіспен жаппай дератизациялау кезінде кеміргіштердің індері мен жолдарын улау үшін мөлшерін дұрыс есептемеген. Осының салдарынан «Егінді» елді мекенінің көптеген тұрғындары удың буымен уланған болады.

Комаровтың қылмыстық жауаптылығы туралы мәселені шешіңіз. Ол үшін ҚР ҚК 184 және 304-баптарының мазмұнымен танысыңыз, осы қылмыстардың субъективтік жағының белгілерін анықтаңыз.

№10. Лауазымдық міндеттеріне сәйкес Астана қаласының Балаларды қорғау бойынша департаментінің Қамқоршылық және қорғаушылық бөлімінің қызметкері Камалова сотқа асырап алу сұрақтары бойынша құжаттар мен материалдар дайындау керек болатын. Камалованың лауазымдық міндеттеріне адал қарамағаны салдарынан сотқа баланың асырап алынуына келісімі туралы күмәнді ақпарат беріліп, 12 жастағы Маша өзінің келісімінсіз асырауға берілген.

Камалованың қылмыстық жауаптылығы туралы сұрақты шешіңіз. Ол үшін ҚР ҚК 137-бабының мазмұнымен танысыңыз, осы қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының белгілерін анықтаңыз. Кінәсіздікпен зиян келтіру дегеніміз не?

3. Ұсынылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

Тақырып №6. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі

1. Қарастырылатын сұрақтар

- 1) Қылмыстық құқық бұзушылықтар көптігінің түсінігі.
- 2) Күрделі дара қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері, олардың көптіктен айырмашылығы.
- 3) Қылмыстық құқық бұзушылықтар көптігінің нысандары.
 - а) қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуы.
 - б) қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы.
 - в) қылмыстардың қайталануы.

2. Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар

№1. Дүкенде кассир қызметін атқаратын Камалова бес ай бойы кассадан 1 000 теңге көлемінде жүйелі түрде ақша алып отырған және оны жеке қажеттілігіне жұмсаған. (ҚР ҚК 189-бабы). Осылайша ол 130 мың теңге алған.

Камалованың әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі бар ма?

№2. Досымов көлік құралын басқарып отырып жол қозғалысының ережелерін бұзып, жаяу жүргінші Саматованы қағып кеткен (ҚР ҚК 345-бабы). Саматованың денсаулығына ауыр зиян келтіріледі. Досымов жәбірленушінің қимылсыз жатқанын көріп, жол-көлік оқиғасы орнынан кетіп қалған (ҚР ҚК 347-бабы).

Досымовтың әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі бар ма?

№3. Серкебаев бөтеннің мүлкін өртеу арқылы жойғаны үшін ҚР ҚК 202-баб. 2-бөл. 1)-тарм. бойынша үш жылға бас бостандығынан айыруға сотталған. Жазасын өтеген соң үш жыл өткенде ол Закишевтің фермасынан жылқы ұрлау үстінде ұсталған (ҚР ҚК 24-баб. 3-бөл., 188-баб. 2-бөл. 3)-тарм.).

Серкебаевтың әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі бар ма?

3. Ұсынылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

Тақырып №7. Қылмыстық құқық бұзушылық жасау сатылары

1. Қарастырылатын сұрақтар

- 1) Қасақана қылмыс жасау сатыларының түсінігі.
- 2) Қылмысқа дайындалу аяқталмаған қылмыс түрі ретінде.
- 3) Қылмысқа оқталу аяқталмаған қылмыс түрі ретінде.
- 4) Қылмыстық құқық бұзушылықтан өз еркімен бас тарту.
- 5) Аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық.

2. Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар

№1. Шохов пен Даутов көшеде Еремінді ұстап алады. Шохов пышақпен қорқытып, Ереміннен ақша сұрайды, ал Даутов оны тінтеді.

Ақша таппаған соң олар Ереминді қоя береді. Біраздан соң Шохов пен Даутов ұсталады.

Шохов пен Даутовтың істеген қылмыстарының сатысын анықтаңыз, жауабыңызды дәйектеңіз.

№2. А. есімді кемпірдің үйінде тұратын Насырова оны улап өлтіріп, пәтерін иемденіп алуға бел байлайды. Осы мақсатта ол кемпірдің тамағы құйылған ыдысқа у құйады. Тамақтанған соң А-ның халі нашарлайды. Кемпірдің қиналғанын көріп, Насырова оны аяп кетеді де, жедел жәрдем шақырады. Дәрігерге қандай у салғанын айтады. Дер кезінде көрсетілген медициналық көмек арқасында А. тірі қалады және толығымен жазылып кетеді.

Насырованы А-ның өлтіруге оқталды деп қылмыстық жауаптылыққа тартуға бола ма?

№3. Шегенбаев кешқұрым К-ны мотоциклымен қыдыруға шақырады. Одан соң Шегенбаев К-ны зорлау мақсатында адам жоқ жерге алып келеді. Орманға жеткен бетте Шегенбаев мотоциклын тоқтатып, К-ның қарсылығына қарамастан, оны жерге құлатады да, жыныстық қатынас жасамақшы болады. Осы уақытта К. жұқпалы соз ауруы бар екендігін айтады. Оны естіген Шегенбаев К-ның бетінен соғып қалып, мотоциклына мінеді де, кетіп қалады.

Шегенбаевтың жауаптылығы туралы сұрақты шешіңіз. Қылмыс жасау сатысын анықтаңыз. Шегенбаев қылмыс жасаудан өз еркімен бас тартқан деп тұжырымдауға болады ма?

3. Ұсынылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

Тақырып №8. Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу

1. Қарастырылатын сұрақтар

1) Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу түсінігі және белгілері.

2) Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылардың түрлері.

3) Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу нысандары.

4) Сыбайлас қатысушылардың қылмыстық жауаптылығының негізі және шектері.

5) Қылмысқа жанасушылық.

2. Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар

№1. Фокин мен Сараев салынып жатырған көпқабатты ғимараттың шатырын құрылыс қоқыстарынан тазартып жатады. Адамдардың жоқтығына көзін жеткізбестен, олар екеуі ауыр ағашты жерге лақтырып жібереді. Ағаш төменде тұрған жұмысшының басына тиіп, ол қаза болады.

Фокин мен Сараев сыбайлас қатысып әрекет еткен деп тануға бола ма?

№2. Сапаров пен Даулетов бірлесіп спирт ішімдіктерін ішкен соң бұзақылық ниетпен Төлеповты керзі етік киген аяқтарымен оның басын мен мойнына соққылар жасап, сабаған. Жәбірленуші сабау басталған соң бірнеше минуттан кейін-ақ қаза болған. Сот кінәлілер Төлеповқа қаза келтіргенде жанама қасақаналықпен әрекет еткен деп шешеді.

Сапаров пен Даулетов адам өлтірудің сыбайлас қатысушылары деп тануға бола ма?

3. Ұсынылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

Тақырып №9. Әрекеттің қоғамға қауіптілігі мен құқыққа қайшылығын жоятын мән-жайлар

1. Қарастырылатын сұрақтар

1) Әрекеттің қоғамға қауіптілігі мен құқыққа қайшылығын жоятын мән-жайлардың түсінігі.

2) Әрекеттің қоғамға қауіптілігі мен құқыққа қайшылығын жоятын мән-жайлардың түрлері.

а) қажетті қорғаныс

б) қол сұғушылық жасаған адамды ұстау

в) аса қажеттілік

г) жедел-іздістіру, қарсы барлау іс-шараларын немесе жасырын тергеу іс-қимылдарын жүзеге асыру

д) негізді тәуекел ету

е) күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу

ж) бұйрықты немесе өкімді орындау

2. Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар

Сидоров өзінің өгей баласы Дмитриевтің үйінде қонақта болады. Осы уақытта пәтерге мас күйдегі Попов пен Осин есікті темір құралмен бұзып, баса-көктеп кіріп келеді. Пәтерге кіре салысымен, олар озбырлық танытып, былапыт сөздер айтып, үй иесін ұра бастайды. Дмитриевтің әйелі Елена далаға қашпақшы болғанында Попов оны қолындағы темірімен мойнынан ұстап алады да, Осин оның денесіне жарақат сала бастайды. Елена айқайлап, көмекке шақырады. Осы мезетте ас үйден картофель тазалап отырған Сидоров шыға келеді. Попов қолындағы темірімен лақтырмақшы болып қолын сермей бергенде Сидоров қолындағы ас пышағымен оның кеудесіне бір соққы жасайды да, Поповтың заңсыз әрекеттерін доғарады. Одан соң Сидоров көршілеріне барып, жедел жәрдем шақыруды сұрайды, келген дәрігерлерге әлі тірі Поповты шығаруға және ауруханаға жеткізуге көмектеседі. Попов ауруханада есін жимастан қайтыс болады.

Сидоров Поповқа қазақ келтіргенде қажетті қорғаныс жағдайында әрекет етті деп тануға бола ма?

3. Ұсынылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

Тақырып №10. Жаза ұғымы, мақсаттары, жүйесі және түрлері

1. Қарастырылатын сұрақтар

1) Жаза түсінігі, белгілері және мәні, жазаның өзге де қылмыстық құқықтық ықпал ету шараларынан айырмашылығы.

2) Жаза мақсаттары.

3) Жазалар жүйесінің түсінігі және маңызы.

4) Қылмыстық теріс қылықтар үшін тағайындалатын негізгі жазалар.

5) Қылмыстар үшін тағайындалатын негізгі жазалар.

6) Қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін тағайындалатын қосымша жазалар.

2. Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар

№1. Астанадағы жоғары оқу орындарының бірінің студенті Лекерова оқудан бос уақытында «Хан шатыры» ойын-сауда орталығындағы кафелердің бірінде даяшы ретінде жұмыс істеген. Жұмысынан кеш шығып бара жатқанында ол бутикдердің бірінен қысқы киім ұрлап алады. Лекерованың әрекеттері ҚР ҚК 188-баб. 1-бөл. бойынша сараланған. Оқу орнынан жақсы мінездемесінің болуын, шынайы өкінуін ескере отырып, сот оған бас бостандығынан айырумен байланысты болмайтын жаза тағайындаған жөн деп шешкен. Сондықтан сот Лекероваға ай сайын жалақысының 20 %-ын мемлекет кірісіне ұстаумен 1 134 500 теңге (500 АЕК) мөлшерінде түзеу жұмыстарын тағайындаған.

Тағайындалған жазаның дұрыстығына баға беріңіз.

№2. Аудандық емхананың бас хирургы Оразбековтың өзінің кәсіби міндеттерін атқаруға салғырттықпен қарауы пациенттің қаза болуына әкеп соғады. Оның әрекеттері ҚР ҚК 317-баб. 3-бөл. бойынша сараланған. Сот оған екі жылға бас бостандығынан айыруды, ал қосымша жаза ретінде үш жылға медициналық қызметпен айналысу құқығынан айыруда тағайындаған. Жазасын өтеу барысында ол жазасын өтеп жүрген мекеме әкімшілігі Оразбековты мекеменің дәрігерлік пунктында мейіргер ретінде жұмысқа тартқан.

Мекеме әкімшілігінің әрекеттеріне баға беріңіз.

№3. Билік өкіліне қарсылық көрсетумен байланысты қоғамдық тәртіпті барынша арсыздықпен бұзғаны үшін Рамазанов ҚР ҚК 293-баб. 3-бөл. 2)-тарм. бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылған. Сот осы қылмыстың жасалуына кінәлі деп танып, оған қылмыстық атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша жоғары мекемесінде жазасын өтеумен жеті жылға бас бостандығынан айыруды тағайындаған.

Сот шешімінің заңдылығына баға беріңіз. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны тағайындағанда шешуге тиіс болатын сұрақтар кешенін атаңыз.

3. Ұсынылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

Тақырып №11. Жаза тағайындау. Шартты түрде соттау

1. Қарастырылатын сұрақтар

1) Жаза тағайындаудың жалпы негіздерінің түсінігі, олардың мазмұнын құрайтын талаптар.

2) Белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау.

3) Қылмыстық құқық бұзушылықтардың және үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау.

4) Жаза тағайындаудың жеке (арнаулы) негіздері.

5) Шартты түрде соттау түсінігі, шартты түрде соттауды қолдану негіздері және шарттары

6) Шартты түрде соттаудағы пробацациялық бақылау

7) Шартты түрде соттаудың күшін жою негіздері және тәртібі

2. Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар

№1. 18 жастағы Тусупов 685 грамм марихуананы өткізу мақсатында иемденгені және сақтағаны үшін ҚР ҚК 297-баб. 2-бөл. бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылған. Жаза тағайындағанда сот жеңілдететін мән-жайлардың келесі жиынтығын ерекше деп таныған: Тусуповтың жас болғаны, оның шешесінің ұстамалы аурумен ауыратындығы, жақын туысының (ағасының) қайтыс болғаны, тұратын жері бойынша жақсы мінездемесінің болғаны, айыбын толық мойындауы және шынайы өкінуі. Осы негізде сот Тусуповқа үш жылға бас бостандығынан айыруды тағайындаған.

Сот шешіміне баға беріңіз. Белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау туралы заңның талаптары сақталған ба? Сот жазаны жеңілдетудің қай тәсілін қолданған?

№2. Қарақшылық жасағаны үшін Азизов ҚР ҚК 192-баб. 4-бөл. 2)-тарм. бойынша он екі жылға бас бостандығынан айыруға сотталған. Сегіз жыл бас бостандығынан айыру жазасын өтеген соң сот оны жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатқан. Екі жыл өткен соң Азизов жаңадан қылмыс жасаған. Ол ҚР ҚК 191-баб. 2-бөл. 1)-тарм. бойынша жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына қауіпті емес күш қолданумен жасалған тонау деп сараланған. Соңғы қылмысы үшін сот оған алты жылға бас бостандығынан айыруды тағайындаған.

Берілген мәліметтер негізінде Азизовқа түпкілікті жазаны анықтаңыз.

№3. ҚР ҚК 188-баб. 2-бөл. 2)-тармақшасында көзделген қылмысты жасағаны үшін Закировка сот төрт жылға бас бостандығынан айыруды тағайындаған. Кінәлінің жеке басын, жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды ескере отырып, сот оған шартты түрде соттауды қолданған және тағайындалған жазаның барлық мерзіміне пробацациялық бақылау белгілеген. Сонымен бірге, сот Закировка пробацация қызметін ескертпестен тұрақты мекен-жайын ауыстырмауды міндеттеген.

Пробациялық бақылау кезеңінде Закиров пробациялық қызметті ескертпестен басқа елді мекенге көшіп кеткен. Оның тұратын орнын анықтаған соң пробация қызметінің инспекторы пробациялық бақылау мерзімін бір жылға ұзарту туралы қаулы шығарған.

Инспектордың шешімінің заңдылығына баға беріңіз. Шартты түрде сотталған адамның сот жүктеген міндеттерді орындамауының құқықтық салдары қандай?

№4. ҚР ҚК 239-баб. 3-бөл. 2)-тармақшасында көзделген қылмысты жасаған он жеті жастағы Сүлейменовқа сот үш жылға бас бостандығынан айыруды тағайындаған. Кінәлінің жеке басын, жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды ескере отырып, сот оған шартты түрде соттауды қолданған және тағайындалған жазаның барлық мерзіміне пробациялық бақылау белгілеген. Сонымен бірге, сот Сүлейменовке келтірілген зиянды қалпына келтіру міндетін жүктеу түрінде тәрбиелік ықпалы бар міжбүрлеу шарасын да тағайындаған.

Сот шешімінің дұрыстығына баға беріңіз. Кәмелетке толмағандарға шартты түрде соттауды қолданудың ерекшеліктері қандай?

3. Ұсынылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

Тақырып №12. Қылмыстық жауаптылықтан босату

1. Қарастырылатын сұрақтар

- 1) Қылмыстық жауаптылықтан босату түсінігі.
- 2) Қылмыстық жауаптылықтан босатудың жалпы түрлері.
- 3) Қылмыстық жауаптылықтан босатудың арнаулы түрлері.

2. Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар

№1. Көктал кентінің тұрғыны Кондаков көршісі Семеновтың жоқтығын пайдаланып, оның үйіне кіреді де, ноутбук ұрлаған. Іссапардан оралған Семеновтың арызымен ұрлық айғағы бойынша қылмыстық іс қозғалған. Жауаптылықтан қорқып, онымен қоса өзінің әшкереленуі уақыттың еншісінде екенін түсінген Кондаков Семеновқа айыбын мойындап келіп, ұрлаған затын қайтарған. «Бітімгерлікті» ішкен соң Кондаков көршісін кешірген.

Кондаковты қылмыстық жауаптылықтан босатуға негіз бар ма?

№2. Кабаев пен оның досы Супрунов 2010 жылдың қазан айында мас күйінде кездейсоқ өткіншіге қарақшылық шабуыл жасаған. Осы оқиғадан бір ай өткенде Кабаев шақыру қағазын алып, Оңтүстік Кореяға кетіп қалған. Осы кезде шабуыл жасағандардың жеке басы әлі анықталмаған болатын. Шабуыл жасағандардың жеке басы анықталған соң Супрунов 1997 ж. ҚР ҚК 179-баб. 2-бөл. «а» тарм. бойынша (2014 ж. ҚР ҚК 192-баб. 2-бөл. 1)-тарм.) алты жылға бас бостандығынан айыруға сотталған. Кабаевтың қайда екендігі анықталмаған болатын. Кабаев Қазақстанға Супрунов тағайындалған жазасын өтеп болған соң, жеті жылдан кейін ғана келген.

Кабаеттың қылмыстық жауаптылығы туралы сұрақты шешіңіз.

3. Ұсынылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

Тақырып №13. Жазадан босату. Сотталғандық

1. Қарастырылатын сұрақтар

- 1) Жазадан босату түсінігі
- 2) Жазадан босату түрлері
- 3) Сотталғандық және оның құқықтық салдары

2. Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар

№1. Адам өлтіргені үшін сегіз жылға бас бостандығынан айыруға сотталған Михайлов үкім жарияланған соң сот залынан қашып кетеді. Қылмыстық іздестіру қызметкерлері оны тек 10 жылдан соң ғана ұстаған.

Михайловты айыптау үкімінің ескіру мерзімінің өтуіне байланысты жазадан босатуға болады ма?

№2. 1997 ж. ҚР ҚК 237-бабы 2-бөл. бойынша (2014 ж. ҚР ҚК 268-баб. 2-бөл.) он жылға бас бостандығынан айыруға сотталған Елемесов қатаң режимдегі түзеу колониясында (қылмыстық атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша жоғары мекемесінде) жазасын өтеп жүрген. Жазасын өтеу барысында ол мінсіз мінез-құлық танытып, сот тағайындаған жазаның іс жүзінде жеті жылын өтеген.

Елемесовты жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы сұрақты шешіңіз.

3. Ұсынылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

Тақырып №14. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы

1. Қарастырылатын сұрақтар

1) Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығының жалпы сұрақтары.

2) Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жазалар.

3) Тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары.

4) Кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату ерекшеліктері.

2. Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар

№1. Он алты жастағы Алмасов ата-анасының сөзін алуды қойып, мектептегі оқуын тастаған. Иесінің жоқтығын пайдаланып, көршісінің үйінен Samsung планшетін ұрлаған. Сот оның әрекеттерін тұрғын үй-жайға заңсыз кірумен жасалған ұрлық деп ҚР ҚК 188-бабы 2-бөл. 3)-тарм. бойынша саралаған.

Алмасовқа санкцияда көзделген жазалардың қайсыбірі және қандай шектерде тағайындалуы мүмкін? Жазалардың мерзімдері мен мөлшеріне қарысты заңда қандай шектеулер көзделген?

№2. Он жеті жастағы Тимохин жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына қауіпті емес күш қолданып тонау жасағаны үшін ҚР ҚК 191-бабы 2-бөл. 1)-тарм. бойынша жазасын кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған қылмыстық атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде өтеумен үш жылға бас бостандығынан айыруға сотталған. Айыптау үкімінің шығарылған уақытына қарай Тимохин он сегізге толғаны белгілі.

Сот шешімінің заңдылығына база беріңіз.

3. Ұсынылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

Тақырып №15. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары

1. Қарастырылатын сұрақтар

1) Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану негіздері және мақсаттары.

2) Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының түрлері.

3) Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын ұзарту, өзгерту және тоқтату.

2. Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар

Есі дұрыс күйде қылмыс жасаған, алайда алкоголизмнен, нашақорлықтан (уытқұмарлықтан) емдеуге мұқтаж немесе есінің дұрыстығы жоққа шығарылмайтын психикасы бұзылған адамға сот ҚР ҚК-іне сәйкес медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын тағайындай алады ма?

3. Ұсынылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

Тақырып №16. Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Қарастырылатын сұрақтар

1) Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері.

2) Өмірге қарсы қылмыстар.

3) Денсаулыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

4) Адам өмірі мен денсаулығын қауіпті жағдайда қалдыратын қылмыстық құқық бұзушылықтар.

5) Жыныстық бостандық пен жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы қылмыстар.

6) Жеке бостандыққа қарсы қылмыстар.

7) Ар-намыс пен қадір-қасиетке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2. Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар

№1. Амирова төлем карточкаларына байланысты сұрақпен банкке қоңырау шалады. Оператор оның жеке мәліметтеріне кіру үшін құпия

сөзді сұрайды. Оны айтудан бас тартқан соң, оператор Дмитриев Амироваға банкке келуін сұрайды. Амирова оған былапыт сөздермен жауап қайырады. Бірнеше минуттан соң Амирова банкке тағы да екі рет қоңырау шалған. Екі жағдайда да басқа операторлар одан құпия сөзді хабарламайтын жағдайда сұраған ақпаратын бермейтінін айтқан. Амирова бұл операторларға да былапыт сөздермен жауап беріп отырған. Он бір күн өткен соң Амирова банкке қайта қоңырау шалған. Бұл ретте де ол оператормен әңгімесінде оператордың қадір-қасиетін кемсітетін былапыт сөздер айтқан.

Амированың әрекеттерін саралаңыз.

№2. 2014 ж. 10 қарашасында Басова және онымен бірге тұратын Кемалов арасында бірге спирттік ішімдіктер ішу кезінде жеке жеккөрушіліктен кезекті жанжал туындаған. Нәтижесінде Кемалов Басованы соққыға салған. Оған жауап ретінде Басова Кемаловтың денсаулығына қасақана ауыр зиян келтіру мақсатында оның арқасына пышақпен соққы жасаған. Оның салдарынан Кемалов қаза болған.

Басованың әрекеттерін саралаңыз.

№3. *Берілген дереккөздерді қараңыз, соттың шешіміне қатысты дәйекті қорытынды беріңіз.*

Ауырлататын мән-жайларда адам өлтіруді саралау сұрағы бойынша ҚР Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша сот алқасының 2008 жылғы 11 наурыздағы №2а-71-08 қаулысы / Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.230-231; Басқа қылмысты жасыру мақсатында жасалған адам өлтіруді саралау сұрағы бойынша ҚР Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша сот алқасының 1999 ж. 24 ақпандағы №2к-139-99 қаулысы / Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.231- 233.

3. Ұсынылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

Тақырып №17. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Қарастырылатын сұрақтар

1) Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері.

2) Бөтеннің мүлкін жымқыру түсінігі, белгілері, нысандары және түрлері.

3) Меншікке қарсы жымқыру болып табылмайтын пайдакүнемдік қол сұғушылықтар.

4) Меншікке қарсы пайдакүнемдік емес қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2. Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар

№1. 2015 ж. 12 қаңтарда «Хан шатыр» СОО-дағы «New Yorker» бутигінде құны 4490 теңге тұратын «SMG New Yorker» қол сағатын өз

калтасына салып алған. Бутиктен шыға бергенде турникет іске қосылып, дабыл қаққан.

Мусаханованың әрекеттерін саралаңыз.

№2. 2015 ж. 10 наурызында кәмелетке толмаған Мишин «Адидас» дүкенінің киінуге арналған бөлмесінде өз джинсиінің ішінен құны 14905 теңге тұратын спорттық шалбар киіп алған және дүкеннен шыға бергенде оны дүкеннің қызметкерлері ұстап алады.

Мишиннің әрекеттерін саралаңыз.

№3. Данилованың пәтерінде болған Қайырбекова оның басқа бөлмеген кіргенін пайдаланып, шкафтағы ашық сөреде тұрған қорапшадан жалпы құны 120000 теңгені құраған алтын сақина мен алқаны алған. Тығыз шаруам бар деп ол Данилованың пәтерінен кетіп қалған.

Қайырбекованың әрекеттеріне қылмыстық құқықтық баға беріңіз. Оны «тұрғын-үйге кірумен жасалған» саралаушы бегі бойыншы айыптауға бола ма?

3. Ұсынылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

Тақырып №18. Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Қарастырылатын сұрақтар

1) Қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы.

2) Қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы түрлері.

3) Қауіпсіздіктің арнаулы ережелерін бұзумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар.

4) Жалпыға қауіпті заттармен жұмыс істеудің белгіленген ережелерін бұзумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар.

5) Қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2. Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар

№1. Исаев пен Савина дискотекада жүреді. Таңғы сағат төртте жігіт қызының алкогольдік мас болып оны қорлағанын жақтырмағаны себепті олардың арасында жанжал болады. Жанжал дәретханаға кірер есіктің алдында болған. Жанжал кезінде Исаев Савинаны ұрып, денсаулығына жеңіл дәрежеде зиян келтірген.

Исаевтың әрекеттерін саралаңыз. Жеке адамға қол сұғушылықты қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардан ажырататын жіктер қандай?

№2. Университеттің 1-курс студенті Омаров қорытынды емтихан нәтижесіне қанағаттанбағандықтан, ЖОО канцеляриясына қоңырау шалып, аудиториялардың бірінде жарылғыш құрылғы қойылғанын хабарлаған. Келген арнаулы бөлімше қызметкерлері университеттің барлық бөлмелерін тексерген, алайда жарылғыш құрылғы табылмаған.

Омаровтың әрекеттеріне қылмыстық құқықтық баға беріңіз.

№3. Берілген дереккөздерді қараңыз, соттың шешіміне қатысты дәйекті қорытынды беріңіз.

ҚР Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша қадағалау сот алқасының 2012 жылғы 2 қазандағы №2уп-203-12 қаулысы (бұзақылықты саралау). ҚР Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша қадағалау сот алқасының 2001 жылғы 23 маусымдағы №2н-494-01 қаулысы. ҚР Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша қадағалау сот алқасының 2012 жылғы 7 ақпандағы №2уп-38-12 қаулысы / Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.320-322, С.323-324, С.326-327.

3. Ұсынылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

Тақырып №19. Халық денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Қарастырылатын сұрақтар

1) Халық денсаулығы мен имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері.

2) Халық денсаулығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар:

а) Есірткі, психотроптық заттардың және сол тектестердің заңсыз айналымына байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар;

б) халық денсаулығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың өзге де түрлері.

3) Имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2. Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар

№1. 2016 жылғы 27 маусымда Ивахновқа шартты түрде сатып алушы «Шилов» (оған қатысты ҚР ҚПК 97-бабы негізінде қауіпсіздік шарасы қолданылған болатын) қоңырау шалып, өзіне героин сатып алып беруді сұраған. Ивахнов онсыз да өзіне героин сатып алмақшы болғандықтан, ол шартты түрде сатып алушының сұраған орындауға келісімін берген. Сонымен бірге, «Шилов» та бұрын Ивахновқа героин алып беруге көмектескен болатын.

Түскі уақытта Ивахнов Астана қаласы Петров көшесіндегі №20 үйге барып, «Маша» атты қыздан өзіне және «Шиловқа» героин сатып алған. Осыдан кейін ол өз үйінің кірер ауызында «Шиловпен» кездесіп, оған героин салынған екі қағаз ораманы берген. Ивахнов героинді өз ақшасына алғандықтан, шартты сатып алушыдан 8 мың теңге алған.

Сарапшы қорытындысы бойынша «Шилов» полиция қызметкерлеріне берген екі қағаз орамадағы ұнтақталған зат салмағы 1,79 грамм героин түріндегі есірткі заты болып табылады. Сарапшы қорытындысына сәйкес Ивахнов сол күні опиоид тұтынған, оның денесінде инъекция іздері анықталған.

Ивахновтың әрекеттерін саралаңыз.

№2. 2015 ж. 26 наурызында «Дәулет» СҮ алдында Ахметов Досовадан интимді қызмет көрсету үшін жеңіл мінезді қыз тауып беруді сұраған. Досова оған Иванованы ұсынады да, өз қызметін 3500 теңгеге бағалаған. Нәпсіқұмарлық сипаттағы қызмет құнын төлеген соң және қызмет көрсетуге келген қыз баламен танысқан соң Досованы полиция қызметкерлері ұстаған. Оның қалтасынан жеңгетайлық үшін төленген 3500 теңге де табылған (<http://astana.sud.kz/rus/news/lishenie-svobody-za-organizaciyu-pritonov-dlya-zanyatiya-prostituticye>).

Досованың және Ахметовтың әрекеттерін саралаңыз.

3. Ұсынылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

Тақырып №20. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар

1. Қарастырылатын сұрақтар

1) Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы сипаттамасы және түрлері.

2) Сыбайлас жемқорлық қылмыстардың арнайы субъектілері.

3) Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық қылмыстар.

4) Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2. Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар

№1. Учаскелік инспектор көмекшісі лауазымын атқарған Исмаилов өз лауазымдық міндеттемелерін атқару кезінде жүргізуші Куликовтан 30 000 теңге ақша сұраған және оның 5 000 теңгесін алған. Қалған сомасын Куликов бір сағаттан соң келісілген жерге әкеп беретінін айтқан // <http://astana.sud.kz/rus/news/prigovor-v-otnoshenii-eks-policeyskogo>).

Исмаиловтың әрекеттерін саралаңыз. Жаза мәселесін шешіңіз.

№2. Полиция сержанты Абаев Асановты қала көшелерінің бірінде жеке автокөлігімен кетіп бара жатып бағдаршамның тыйым салынған белгісінде жолды кесіп өткені үшін тоқтатқан. Әкімшілік құқық бұзушылық фактісі бойынша Абаев хаттама толтыра бастаған. Ол бойынша Асанов бюджетке 22690 теңге көлемінде айыппұл төлеуге тиіс болатын. Асанов Абаевтан хаттама толтырмауын сұрап, есесіне 10 мың теңге беретінін айтқан. Осы кезде Асановты Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ұлттық бюро қызметкерлері ұстап алады.

Асановтың әрекеттеріне қылмыстық құқықтық баға беріңіз. Полиция сержантының ұсынылған ақшадан бас тартуы Асановтың әрекеттерін саралауға әсер етеді ме?

3. Ұсынылатын қайнар көздер

Дәріс сабағының тиісті тақырыбында көрсетілген.

IV. Өзіндік дербес оқуға қалдырылған тақырыптардың тізімі

Тақырып №1. Қылмыстық құқық түсінігі, міндеттері, жүйесі және принциптері

Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар

«Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының қылмыстық құқықтың қайнар көздері жүйесінде алатын орны» тақырыбына баяндама дайындаңыз.

Тақырып №2. Қылмыстық заң

Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар

№1. Жалғасоватың пәтеріне терезе арқылы кіріп, зергерлік бұйымдар ұрлаған Свиридовты полиция қызметкерлері ұстап алған. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында Ресей Федерациясының азаматы болып табылатын Свиридов өз елінде бұрын қарақшылық үшін 5 жылға бас бостандығынан айыру жазасын өтегені және осы қылмысы бойынша сотталғандығы әлі жойылмағаны анықталған.

Қай мемлекеттің заңы бойынша Свиридовты қылмыстық жауаптылыққа тарту керек? Басқа елдің аумағындағы сотталғандығы қылмыстық құқықтық маңызға ие бола ала ма?

№2. Швеция азаматы Хольм Қазақстанда жүргенінде адам өлтіру бойынша іске байланысты ұсталады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында бұдан бір жыл бұрын өз елінде Хольм Қазақстан Республикасының жалған 5 000 теңге номиналындағы ақша купюраларын басып шығаруға қатысқаны анықталған.

Хольмды Қазақстан Республикасының жалған ақша купюраларын жасағаны үшін ҚР ҚК бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартуға бола ма? Егер Холь Австралияның жалған долларларын жасауға қатысқан болса, Сіздің шешіміңіз өзгере ме? Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерде жасалған қылмыстарға қатысты қылмыстық заңның күші туралы сұрақты шешіңіз.

Тақырып №3. Қылмыстық құқық бұзушылықтар

Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар

№1. Орал қаласының тұрғыны Тукеев институттағы емтихан сессиясының уақытында мас күйінде осы институттың басқа студенттерімен алдын ала уағдаласып, «Орбита» шағын ауданының № 36 үйінің ауласынан М-ның арбаға жігілген атын айдап кетеді. Үйінен жүгіріп шыққан М-ның айқайына олар құлақ аспаған. Жәбірленуші жол-жөнекей көлікке мініп, олардың артынан қуып жетіп, ұстауға талпынған, алайда студенттер оған қарсылық көрсетіп, соққыға жығады да, денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтірген.

Тергеу барысында студенттердің атты жымқыру мақсатының болмағаны, оны тек қыдыру мақсатында айдап кеткендігі анықталған.

Студенттердің әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері бар ма?

№2. Искандеров түнгі уақытта азық-түлік киоскісіне заңсыз кіріп, одан шыға бергенде полиция қызметкерімен ұсталады. оның қалтасынан үш қорап «Рахат» печенье табылған. Көрсетпе бергенде Искандеров ақша алғысы келгенін, алайда киоскте ақша таппаған соң печенье алғанын айтқан.

Болмашы әрекет дегеніміз не? Искандеровтың жасаған әрекеттері бойынша қылмыстық істі болмашылық белгісіне байланысты қысқартуға негіз бар ма?

Тақырып №4. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы қылмыстық жауаптылық негізі ретінде

Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар

ҚР ҚК Ерекше бөлігінің келесі тарауларында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарының түрлерін анықтаңыз:

1-топ: Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

2-топ: Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

3-топ: Қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар.

Ескерту: Топтарға оқытушы бөледі.

Тақырып №5. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының элементтері және белгілері

Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар

№1. Пивнов учаскелік полицей қызметін атқаратын өзінің алыс туысы Шиловтың үйіне қонуға келеді де, Шиловқа қызметтік қару ретінде берілген «ПМ» жүйесіндегі тапанша мен оның 16 оғын ұрлап алады.

Келесі күні кеште Пивнов тапаншамен қорқыта отырып, дүкеннің сатушысынан күндік түсімін тартып алған.

Қылмыс объектісі мен затын анықтаңыз. Қылмыс заты мен қылмыс жасау қаруының айырмашылығы неде?

№2. Станциядан елді мекенге орман арқылы барар жолда кешкі уақытта Бердибеков Медеуованы кездестіреді де, одан былғары күртешесін, сақинасын және сөмкесін беруді талап етеді. Медеуова оның талаптарын орындамай, қашуға талпынады. Бердибеков оның артынан қуып жетіп, талаптарын қайта айтады да, қолындағы кастетпен оның кеудесіне екі соққы жасап, денсаулығына орта дәрежеде зиян келтіледі. Аталған заттарын тартып алған соң Бердибеков орманға қарай кетіп қалады. Бердибековтың әрекеттері қарақшылық ретінде ҚР ҚК 192-бабы бойынша сараланған.

Қол сұғушылық объектісін, заты мен қаруын анықтаңыз.

№3. Жүк көлігінің жүргізушісі Қыдырбаев рейстен автопаркке қайтарда жол қозғалысының ережелерін бұза отырып, жолдан адамдар алады да, оларды жолаушы тасымалдауға бейімделмеген шанаққа отырғызады. Жолаушылардың бірі көлік үйінің қасына келгенде шанақтан секіріп түспекші болып көліктің астына құлап, қаза болады.

Қыдырбаевтың автокөліктегі қозғалыс ережелерін бұзуы мен адамның қаза болуы арасында себептік байланыс бар ма?

№4. Автобус жүргізушісі Мусаев өтуге болмайтын жерде жолды кесіп өтпекші болған жаяу жүргіншіні басып кетпес үшін жедел тежегішті басқан. Автобустағы жолаушы Дарибаев ұстағышты ұстауға ұмтылған кезде иығымен Куклиннің бетінен соғып алады да, оның денсаулығына орта дәрежеде зиян келтіреді.

Дарибаев қылмыстық құқықтық мағынада әрекет еткен деп тануға бола ма? Оның жауаптылығы туралы сұрақты шешіңіз.

№5. Миронов мас күйінде далада тұрғанында Алдановпен ұрысып қалады, ол да мас күйінде болған. Мироновтың әйелі күйеуін үйіне алып кету арқылы, жанжалды тоқтатқан. Алданов олардың артынан жетіп келіп, былапыт сөздер айта бастайды. Миронов осы кезде үстіндегі пенжегін шешіп, «жыртылып, бүлініп қалмасын» деп оны әйеліне ұстатады да, жұдырығымен Алдановтың басына бірнеше соққы жасайды. Алған жарақаттарынан Алданов қайтыс болған. Сотта Миронов мас болғанын, қылмыс жасау үстінде әрекеттерінің сипаты мен қауіптілігін ұғынбағанын айтқан.

«Өз әрекеттерінің іс жүзіндегі сипаты мен қоғамға қауіптілігін ұғыну» нені білдіреді? Мироновты қылмыстық жауаптылыққа тартуға бола ма?

№6. 55 жастағы Баймағамбетов 20 жастағы Монианаға үйленген. Біраз уақыттан соң ол әйелінің адалдығына күмәндана бастайды. Көзіне шөп салғанына кек алу үшін Баймағамбетов оны тұншықтырып өлтірген.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында өткізілген соттық-психиатриялық сараптама Баймағамбетов адам өлтірген уақытта есі дұрыс болғанын, алайда сот отырысы болған уақытқа қарай өз әрекеттерінің іс жүзіндегі сипаты мен қоғамға қауіптілігін ұғына алмайтын және әрекеттеріне билік ету мүмкіндігінен айыратын күйге жеткізген паранойамен ауырғанын анықтаған.

Баймағамбетовты адам өлтіргені үшін қылмыстық жауапқа тартуға бола ма?

№7. Пак Ахмадов жүргізіп отырған маршруттық автобуска отырады. Ол бірінші баспалдаққа міне бергенде автобус есігін жаппастан қозғалады. Ұстағышты ұстап үлгермеген Пак сырғып түсіп, денсаулығына ауыр зиян келеді.

Кінә нысаны мен түрін анықтаңыз. Жауабыңызды істің мән-жайларына негізделе отырып дәйектеңіз.

№8. Дарханов таң ата ресторанның шыққан соң тағы да ішімдік ішпекші болады. Азық-түлік дүкендері жабық болғандықтан, ол дүкендердің бірінің терезесін сындырып, ішіне кіреді де, бір шыны шарап алып, ақшасын сөреге қойып кетеді. Аз уақыттан соң Дархановты ұстап алады.

ҚР ҚК 3-бабы 17)-тармақшасымен танысып, жымқырудың субъективтік жағына талдау жасаңыз. Дархановтың әрекеттерінде жымқырудың субъективтік жағының белгілері бар ма?

**Тақырып №6. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі
Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар**

№1. Капасов азаматтарға күш қолданумен ұштасқан бұзақылық үшін (ҚР ҚК 293-баб. 1-бөл.) 2 жылға бас бостандығынан айыруға сотталған. Бас бостандығынан айыру орнынан шыққан бетте Капасов билік өкіліне қарсылық көрсетумен байланысты бұзақылық (ҚР ҚК 293-баб. 2-бөл. 2)-тарм.) жасаған.

Капасовтың әрекеттерінде қылмыстарды бірнеше рет жасау бар деп тануға бола ма?

№2. Фазылова бұзақылық ниетпен денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіргені үшін 500 АЕК мөлшерінде айыппұлға сотталған. Тоғыз айдан соң Фазылова ұдайы ұрып-соғу арқылы тән зардабын келтіргені үшін (қинау) екі жылға бас бостандығынан айыруға сотталған. Бас бостандығынан айыру орнынан шыққан соң бір жылдан кейін жатақханадағы көршісінің денсаулығына жеңіл зиян келтірген.

Фазылованың әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі бар ма? Бұл жағдайда қылмыстардың қайталануы бар ма?

**Тақырып №7. Қылмыстық құқық бұзушылық жасау сатылары
Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар**

№1. Жұмыссыз Абдулов қатты алкогольдік масаң күйде дүкенге кіріп, сатушыдан бір шөлмек арақ беруді сұрайды. Сатушы Темирова шөлмекті сөреге қоя бергенде Абдулов оны алып, есікке қарай жүгіре жөнеледі. Жүгіріп бара жатып, ол шөлмекті ашып, жартысын ішіп үлгереді. Алайда ол есікке жетпестен, аяғынан шалынып, құлап қалады да, сол жерінде жайғасып, ұйықтап кетеді. Оны полиция жасағы оятқан.

Абдуловтың әрекеттері тонау ретінде сараланған. Тонау кінәлі адам мүлікті алып, оны өз қалауы бойынша пайдалануына немесе билік етуіне нақты мүмкіндігі пайда болған уақыттан бастап аяқталған деп саналады.

Абдуловтың қылмысы қылмыстық әрекеттің қай сатысында тоқтатылған? Ол Абдуловтың қылмыстық жауаптылығына қалай әсер етеді? Жеке қылмыстық құқық бұзушылықтардың аяқталу уақыты қандай жағдайға байланысты болады?

№2. Автокөлік жүргізушісі Аубакиров кабинасына үйіне дейін жеткіземін деп Жұмашеваны отырғызады. Жолда келе жатып ол көлікті трассадан бұрып, жыныстық қатынасқа түсуді ұсынады, алайда Жұмашева одан бас тартады. Жәбірленушіні өлтіремін деп қорқытып, оның мойнына бұрағышты тақап, тағы да талабын айтады. Жұмашева өзін шығарып салған құрбысы көліктің нөмірін жазып алғанын және егер жолда оған бір жамандық жасалса, Аубакиров жауапты болатынын айтады. Осыдан кейін Аубакиров өзінің мәжбүрлеуін тоқтатып, Жұмашеваны айтқан жеріне жеткізіп салады да, кетіп қалады.

Аубакироватың әрекеттеріне баға беріңіз. Аубакироватың әрекеттерінде өз еркімен бас тарту бар ма?

Тақырып №8. Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу

Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар

№1. Дулатов, Орманов және Верин бірлесіп, спирттік ішімдіктер ішіп отырады. Отырыс кезінде олардың арасында жанжал шығып, ол төбелеске ұласады. Дулатов пен Верин жағымсыз қарым-қатынастар негізінде Ормановты аяқтарымен де, қолдарымен де ұрып, соққыға жығады. Олардың әрекеттерінен Ормановтың денсаулығына ауыр зиян келтіреді.

Қылмыстық құқық бұзушылықта сыбайлас қатысушылықтың болғанын анықтаңыз. Дулатов пен Веринді сыбайлас қатысушылардың қай түріне жатқызуға болады? Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу нысанын анықтаңыз.

№2. 2009 жылы Қарағанды қаласының тұрғындары Вячеслав Кузин, оның әйелі Светлана және олардың ұлы Эдуард құрамына тағы да 6 адам кіретін қылмыстық топ құрған. Топ қала мен қала маңындағы аймақтардың кәсіпкерлер мен кәсіпорындардың, оның ішінде автоагрегатты зауыт және кілем фабрикасының қызметіне криминалды бақылау («салық» салу) орнатқан. Олардың көнбегендерін соққыға жығып, мүліктерін жойған. 2012 жылы Кузин ықпал ету саласын бөлісе алмаған Кудряшов, 2013 жылы – кілем фабрикасының ірі акционері Григоренко өлтіріледі. В. Кузин күзет фирмасын құрып, өзін қызықтырған адамдардың телефондарын заңсыз тындап, жазып отырған. Фирма қызметкерлері көнбеген адамдарға шабуыл жасауға қатысып отырған.

Қылмыстық топ түрін анықтаңыз. Қылмыстық топ құрған адамдардың, сол сияқты оның қатысушыларының да жауаптылығының шарттары мен шектерін сипаттаңыз.

Тақырып №9. Әрекеттің қоғамға қауіптілігі мен құқыққа қайшылығын жоятын мән-жайлар

Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар

№1. Нұржанов кешқұрым тойдан үйіне қайтып келе жатады. Көше бос болады, әрі Нұржанов та шабуылдан қатерленіп келеді. Кенет оны артынан бейтаныс біреу келіп, темекі тұтандырғыш сұрайды. Нұржанов шабуылға тап болдым деп ойлап, тоқтайды да, қалтасынан пышағын алып шығады. Өткінші адам қасына келіп, қолын қалтасына сала бергенде Нұржанов ешбір сөз айтпастан, пышағымен оның сол жақ кеудесіне бір соққы жасайды да, өлімге әкелетін жарақат салады.

Осы жағдайда Нұржановтың әрекеттерінің қоғамға қауіптілігі мен құқыққа қайшылығын жоятын мән-жай болды ма? Егер болса, онда қылмыстық жауаптылықты болдырмайтын қай мән-жай? Оның заңдылығының шарттары сақталған ба?

№2. Козлов қатты алкогольдік масаң күйінде Колесовтың үйінің ауласына кіріп, аулада тұрған Цареваға Колесовты үйден шақыруды талап етеді. Царева оның талабын орындаудан бас тартқанда Козлов оны қорлап, тұрғындардың мазасын алып, үйдің есігі мен терезесін соға бастайды. Колесов Козловты тыныштату үшін есікті ашып, оны үйіне кіргізеді. Козлов кіре-беріске кіріп, Колесовты қол-аяғымен бірнеше рет соғады да, денсаулығына жеңіл зиян келтіреді. Одан соң ол сөредегі пышақты көріп, оны алады да, Колесовты онымен ұруға талпынады. Алайда Колесов сол жердегі арпалыста Козловтың қолынан пышақты алып қойып, оның кеудесінен соққы жасайды. Алған жарақатынан Козлов қайтыс болады.

Колесовты қажетті қорғаныста әрекет етті дегуге бола ма?

Тақырып №10. Жаза ұғымы, мақсаттары, жүйесі және түрлері *Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар*

№1. ҚР қолданыстағы қылмыстық заңнамасында көзделген жаза түрлерінің сипаттамасы көрсетілетін кесте құрыңыз және толтырыңыз. Кестеде келесі белгілер көрсетілуі керек: жаза атауы; түрі (негізгі, қосымша); қудалаушы мазмұны; мерзімі немесе мөлшері; қолдануы бойынша шектеулер; жалтару жағдайында ауыстыру.

№2. Рүстемов ҚР ҚК 187-баб. 1-бөлігінде көзделген қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаға сотталған. Іс қарастырып болған соң ол ІІ топ мүгедегі болып табылатыны туралы анықтама әкеп береді.

Сот қандай шешім қабылдауға тиіс?

№3. Сотқа азамат Утепов бас бостандығын шектеу түріндегі жаза тағайындағанда жүктелген міндеттерді орындаудан қаскөйлікпен жалтарғаны туралы пробация қызметінен өтінішхат келіп түскен.

Бас бостандығынан айыру жазасының қанаушы мазмұны неде? Осы жағдайда сот қандай шешім қабылдай алады?

Тақырып №11. Жаза тағайындау. Шартты түрде соттау *Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар*

№1. Кретов дүкен ішінде жүргенінде ерлер киімі секциясында ешкім жоқ екенін байқайды. Осыны пайдаланып, Кретов өзінің үстіндегі көне күртешесін шешіп, киім ілгіште тұрған былғары күртешені киіп алады. Одан соң қашып кетуге тырысады, бірақ есіктен шыға бергенде оны дүкеннің күзетшісі ұстап алады. Кретовтың әрекеттері ҚР ҚК 24-баб. 3-бөл., 188-баб. 1-бөл. бойынша сараланған. Сот оған екі жыл алты айға бас бостандығынан айыру жазасын тағайындаған.

Сот шешімінің заңдылығына баға беріңіз. Аяқталмаған қылмыс үшін жаза тағайындау ережелері сақталған ба?

№2. Капанов ҚР ҚК 188-баб. 2-бөл. 1)-тарм. бойынша екі жылға бас бостандығынан айыруға сотталған. Ол алдын ала сөз байласуымен адамдар тобының жасаған ұрлығына кінәлі деп танылады. Апелляциялық шағымында оның қорғаушысы Капановтың әрекеттерінің дұрыс сараланбағанын айтып, тағайындалған жазаның тым қаталдығын, бас бостандығынан айыруға байланысты емес жаза тағайындауын сұраған. Оның ойынша, жаза Капановтың залалды өтегенін, жасаған әрекетіне шынайы өкінгенін, жақсы мінездемесінің болғанын ескерместен тағайындалған. Сонымен бірге, қорғаушының ойынша, Капановтың бұрын қылмыстық жауаптылыққа тартылғаны, тергеу органдарынан жасырынғаны және қайтадан пайдакүнемдік қылмыс жасағаны туралы мән-жайларға сілтемесі орынсыз.

Апелляциялық шағым бойынша шешім шығарыңыз. Ондағы уәждердің орынды немесе орынсыз айтылғанын бағалаңыз.

№3. Орал қалалық соты Николаевты ҚР ҚК 345-баб. 2-бөл. көзделген қылмыстың жасалуына кінәлі деп танып, оған негізгі жаза ретінде екі жылға бас бостандығынан айыруды, ал қосымша жаза ретінде – екі жылға көлік құралын басқару құқығынан айыруды тағайындап, тағайындалған жазаларды (негізгісін де, қосымшасын да) шартты түрде деп қаулы етеді. ҚР Бас прокурорының орынбасары соттың үкіміне оның заңсыздығына байланысты наразылық білдірген.

Сот шешіміне баға беріңіз. Шартты түрде соттаған жағдайда қосымша жазалардың тағдыры қалай шешіледі?

№4. Өткізу мақсатынсыз есірткі заттарды аса ірі мөлшерде заңсыз сақтағаны үшін (ҚР ҚК 296-баб. 4-бөл.) Пернебаев үш жылға бас бостандығынан айыруға сотталған. Сот оған тағайындалған жазаның барлық кезеңіне пробациялық бақылау орната отырып, шартты түрде соттауды қолданған.

Пробациялық бақылау кезеңінде Пернебаев бірнеше рет кешірімді себептерсіз пробация қызметіне тіркеуге келмеген. Пробация қызметінің инспекторы оған ескерту жасап, мінез-құлқына қойылған талаптарды орындамауының құқықтық салдарын түсіндірген. Пернебаев оған былапыт сөздер айтып, сазайын тарттырумен қорқытқан.

Пробация қызметінің инспекторы шартты түрде соттаудың күшін жою және Пернебаевты тағайындалған жазаны іс жүзінде атқаруға жіберу туралы қаулы шығарған.

Инспектордың шешімінің заңдылығына баға беріңіз. Шартты түрде сотталған адамның тіркеуге келмеуінің құқықтық салдары қандай? Шартты түрде соттаудың күшін жою негізі мен тәртібі қандай?

Тақырып №12. Қылмыстық жауаптылықтан босату
Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар

№1. Ақбергенов Small супермаркетінің жанына өтіп бара жатып «Лада» автокөлігінің алдыңғы панелінде компьютердің қатты дискі жатырғанын байқап қалады. Ол көліктің оң жақ терезесін ашып, «Lenovo» фирмасының құны 23 мың теңге тұратын дискісін алады. Осыдан соң ізін суытпай Ақбергенов ұсталып, полиция бөлімшесіне жеткізіледі.

Жеке тінту кезінде Ақбергеновтың қалтасынан қатты диск табылады да, оны «Лада» автокөлігінің иесіне қайтарып береді. Ақбергеновтың әрекеттері көлік құралына заңсыз кірумен жасалған ұрлық деп ҚР ҚК 188-баб. 2-бөл. 3)-тарм. сараланады.

Ақбергеновқа қатысты қылмыстық іс ҚР ҚПК 35-баб. 12)-тарм. бойынша шынайы өкінуіне байланысты қысқартылған. Қылмыстық істі қысқарту туралы қаулыда Ақбергеновтың «алғаш рет жасағаны, қылмыстан келтірген зиянды толық қалпына келтіргені және шынайы өкінетіндігі» көрсетілген.

Шынайы өкіну деп нені айтады? Қылмыстық істі қысқарту туралы шешімнің уәждеріне баға беріңіз.

№2. Мас күйінде көлік басқарып келген Беков жаяу жүргінші Тучинді қағып кетіп, оның денсаулығына ауыр зиян келтірген (ҚР ҚК 345-баб. 2-бөл.). сотқа дейінгі алдын ала тергеп-тексеру барысында Тучин тергеушіге «егер Беков 3 млн теңге беретін болса, онда оны кешіруге дайын» екендігін айтқан. Беков Тучиннің сұраған сомасының тым үлкен екендігін айтады. Тергеушінің ойынша бұл жағдайда келтірілген зиянның орнын толтыруға 300 мың теңге де жеткілікті болады деп, ол Бековқа қатысты қылмыстық істі қысқарту туралы Тучинді өтініш жазуға көндіреді.

Қалпына келтіруге жататын залалдың мөлшерін кім анықтау керек? Тергеушінің әрекеттеріне баға беріңіз. Бековты жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатуға болады ма?

Тақырып №13. Жазадан босату. Сотталғандық
Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар

№1. Қарулы күштер майоры Бекбулатов ҚР ҚК 440-баб. 4-бөл. көзделген қылмысы үшін бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүргенінде маниакалды-депрессивті психоз ауруына шалдығады.

Тапсырма фабуласына қатысты ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату тетігін сипаттаңыз.

№2. Қорқытып алуға (ҚР ҚК 194-бабы) сыбайлас қатысқаны үшін үш жылға бас бостандығынан айыруға сотталған Жарқынбаева жазасын өтеп бастағаннан кейін үш айдан соң өзінің жүкті екендігін мәлімдеген. Оның арызына жауап бергенінде түзеу мекемесінің әкімшілігі жазаны өтеуін кейінге қалдыру туралы өтінішін жарты жылдан соң, Жарқынбаеваның осы уақыт аралығындағы мінез-құлқына қарай жіберетінін көрсеткен.

Жарқынбаева жазасын өтеуін кейінге қалдыруға рұқсат жүктілік айғағын дәрігерлер куәландырған соң дереу берілу керек деген уәжбен қарсылығын білдірген.

Мекеме әкімшілігінің жоғарыда аталған әрекеттері заңды ма? Осы жағдайда шандай шешім қабылдауға болады?

Тақырып №14. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы

Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар

№1. ҚР қолданыстағы қылмыстық заңнамасында көзделген тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шараларының түрлері сипатталатын кесте құрастырып, толтырыңыз. Кестеде келесі мән-жайлар көрініс табуы керек: шара атауы; шара мазмұны; мерзімі (егер көзделген болса); қолдану бойынша шектеулер.

№2. Он алты жастағы Асқаров мектепке баруды қойған, спирт ішімдіктеріне құмарланып, қоғамға жат өмір салтын ұстанатын болған. 15 қазанда ол бұзақылық ниетпен көршісін сабаған. Оның бұл әрекеттері ҚР ҚК 107-баб. 2-бөл. 5)-тарм. бойынша сараланған. Қылмыс жасағаннан кейінгі Асқаровтың мінез-құлқын ескере отырып, сот оның түзелуіне тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шараларын қолдана отырып қол жеткізуге болады деп шешеді. Осы негізбен сот Асқаровты жазадан босатып, оған екі жылдық мерзімге ата-анасының қадағалауына беру түріндегі тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шарасын қолданған және жәбірленушіден кешірім сұрау міндеттемесін жүктеген.

Соттың шешімінің заңдылығына баға беріңіз.

Тақырып №16. Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар

№1. Санжар есірткілік масаң күйінде өзінің ағасы Ансардың үйінде болғанында онымен жеке жеккөрушілік себепті жанжалдасып қалады да, пышақпен Ансардың кеудесі мен жүрек тұсындағы өмірлік маңызды органдарына үш рет соққы жасаған. Алайда Ансар қорғанып, белсенді қарсылық көрсетеді де, қайнаған суы бар шәйнекті Санжарға қарай лақтырып, оның қылмысты әрекеттерін тоқтатқан. Осыдан кейін ол болған оқиғаны өзінің әйеліне айтып, жедел жәрдем шақыруын сұраған. Дер кезінде көрсетілген дәрігерлік көмек арқасында Ансар аман қалады.

Санжардың әрекеттерін саралаңыз.

№2. Сот шешімінің дәйектілігіне қатысты уәжделген қорытынды беріңіз:

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша қадағалау сот алқасының 2011 жылғы 15 қарашадағы №2уп-300-11 қаулысы (адам өлтіру ретінде сараланған жәбірленушінің абайсызда өліміне әкеп соққан қасақана денсаулыққа ауыр зиян келтіру фактісі бойынша); Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша алқасының 2002 жылғы 2 сәуірдегі №2а-177-02 қаулысы (зорлауға айыптау фактісі бойынша) /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.247-248.

Тақырып №17. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар

№1. Т. жатақханада болғанында бөлмелердің біріне кіріп, Г-ның құны 70 мың теңге тұратын «Самсунг галакси S7» ұялы телефонын стол үстінен алған да, өзінің қызына сыйға берген.

Т-ның әрекеттерін саралаңыз. Ұрланған мүлікті сыйға тарту фактісі әрекеттің саралануына қалай әсер етуі мүмкін?

(Астана қаласы Сарыарқа аудандық №2 сотының қаулысы) // <http://astana.sud.kz/rus/news/sotovyte-telefonu-predmet-krazhi>).

№2. М. «Мега» сауда орталығындағы «De facto» дүкенінде жүріп, құны 25 мың теңге тұратын күртешенің ұрлыққа қарсы жүйе құрылғысын істен шығарған. Ол күртешені өзінің киімінің сыртынан киіп алып дүкеннен шыға бергенде күзетшілер оны ұстап алған. Сол уақытта М. күзетшінің қолдына сөмкесімен соққы жасап, оның абыржығанын пайдаланып, дүкеннен шығып кеткен.

М-ның әрекеттерін саралаңыз. Егер күзетшінің денсаулығына ауыр зиян келтірілгенінде, оның әрекеттерінің саралануы өзгереді ме? Егер М. күртешені шешіп, қылмыс орнынан кетіп қалғанда қалай сараланушы еді? (<http://astana.sud.kz/rus/news/devushka-pytalas-sovershit-krazhu-v-magazine-defacto>).

№3. Х. дизель жанар-майын қабылдау және сату пунктін ұйымдастырған. Ол жанар-майдың шығу тегінің заңдылығын куәландыратын бір-де-бір құжатсыз, дизель жанар-майын өзі белгілеген бағамен қабылдап, сатып отырған. Х. жанар-май қабылдаушы болып жұмыс істеген, 2015 жылы оған күніне 5000 теңгеге басқа жерде де қабылдаушы болып жұмыс істеуді ұсынғанда ол келіскен. Күн сайын қабылдау пунктiне 10-15 автокөлік келіп, 1 литрі 100 теңге бағамен әртүрлі көлемдегі дизель жанар-майын құйып отырған.

Х-ның әрекеттерін саралаңыз.

(<http://astana.sud.kz/rus/news/hotel-podzarabotat-na-diztoplive>).

№4. С., Б. және Г. пайдакүнемдік мақсатпен тұрғын-үйлердің бірінің жертөлесіне кіріп, Ш-ға тиесілі «Тойота Превия» автокөлігінің

қозғалтқышын алып кеткен. Ш-ға келген материалдық залал 180 мың теңгені құраған.

С., Б., Г. әрекеттерін саралаңыз.

(Астана қаласы Сарыарқа аудандық №2 сотының үкімі [//http://astana.sud.kz/rus/news/avtomobil-ostavili-bez-dvigatelya](http://astana.sud.kz/rus/news/avtomobil-ostavili-bez-dvigatelya)).

№5. Т. 2014 жылғы қаңтардың 15-і мен 23-і аралығында А-мен жақын және сенімді қатынастарда бола тұра, оның пәтеріне еркін кіре алу мүмкіндігінің болғанын пайдаланып, пәтерден құнды заттарды алып, оларға өзінше билік еткен. 2014 жылдың 2 ақпанында Т. Астанадағы сауда орталығында күзен тонды алып шықпақшы болғанында ұсталған (бутиктен шыға бергенде күзетшілер ұстаған).

Т-ның әрекеттерін саралаңыз. Қылмыстық құқық бұзушылықтың дасалу сатысын анықтаңыз. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігін анықтаңыз.

(Астана қаласы Алматы аудандық №2 сотының үкімі [//http://astana.sud.kz/rus/news/ugolovnaya-otvetstvenost-za-krazhu](http://astana.sud.kz/rus/news/ugolovnaya-otvetstvenost-za-krazhu)).

Тақырып №18. Қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар

№1. Мосовтың пәтерін тінту кезінде қолдан жасалған 10 граната, 2 атыс қаруы және 20 дана оның оқ-дәрісі табылған.

Мосовтың әрекеттеріне қылмыстық құқықтық баға беріңіз.

№2. «Мария» кафесінде өзінің туған күнін тойлап жүрген Құсайынов көрші столда отырған қызды биге шақырған. Қыз бас тартқан соң ол столдың дастарханын тартып қалып, ондағы ыдыстарды төңкерген. Нәтижесінде стол маңындағы адамдардың киімдері де бүлінген. Мұнысын тоқтатуды сұраған қызды ол қорлап, әдепсіз қылықтар жасаған. Кафедегілердің назарын алып, қатты айқайлаған.

Құсайыновтың әрекеттерін саралаңыз. Егер кафедегілерге тән зардабын келтіргенінде саралау өзгереді ме?

Тақырып №19. Халық денсаулығы мен имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар

№1. А. тұрғын-үй маңынан өсімдік тектес жасыл түсті ұнтақ заты бар полиэтилен түйін тауып алған. Одан соң ол үйдің подъездіне кіріп, тауып алған затын темекісіне қосып, тарту арқылы тұтынған.

А-ның әрекеттерін саралаңыз. Егер есірткі деп танылған затты орта білім мектебінде тұтынғаны анықталса, саралау өзгереді ме?

(<http://astana.sud.kz/rus/news/otvetstvennost-za-upotreblenie-narkoticheskogo-sredstva-v-obshchestvennom-meste>).

№2. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша алқасының 2001 жылғы 2 шілдедегі №2н-418-01 қаулысына талдау жасаңыз және сот шешімінің негізділігіне дәйекті қорытынды

беріңіз /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.338-339.

Тақырып №20. Мемлекеттік қызмен пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар

Ситуациялық есептер (кейстер/мини-кейстер), тапсырмалар

№1. Астана қаласының мектептерінде тамақтануды қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік сатып алулар конкурсында комиссия төрағасы болған Ташенов «Ахметов и К» ЖШС-дан конкурс кезінде олардың мүддесін 300 мың теңгеге жақтау туралы ұсыныс алған. Осыдан кейін ол ұсыныс фактісі жайында құқық қорғау органдарына хабарлаған және ЖШС өкілі Ахметов ақша беру үстінде ұсталған.

Жасалған әрекетті саралаңыз. Егер Ташенов 300 мың теңгені алған болғанында саралау өзгереді ме? Егер Ташенов ақшаны алған соң олардың сұранысын орындамаған болса, саралау өзгереді ме?

№2. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты қылмыстық істер бойынша қадағалау сот алқасының 2012 жылғы 4 мамырдағы №2уп-105-12 қаулысына талдау жасаңыз және сот шешімінің негізділігіне дәйекті қорытынды беріңіз /Жукенов А.Т. Судебная практика по уголовным делам. – Алматы: ТОО «Издательство Норма-К», 2013. – С.353-354.

V. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Оқулықтар

1. Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Общая часть (Том 1) - Алматы: Жеті жарғы, 2015. - 500 с.
2. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. /Под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова. - Алматы: ТОО Издательство «Норма-К», 2016. - 752 с.
3. Уголовное право Республики Казахстан: Общая часть: Учебник. /Отв ред. И.И. Рогов, К.Ж. Балтабаев. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. - 448 с.
4. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть. /Под ред. В.П.Ревина. – Алматы: Жеті жарғы, 2015. - 504 с.
5. Котова Н.К. Уголовное право Республики Казахстан: Общая часть: Учебное пособие. – Алматы: Академия экономики и права, 2013. – 218 с.
6. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть: Курс лекций. /Под ред. И.Ш.Борчашвили. Алматы: Жеті Жарғы, 2006. - 632 с.
